Жалпы тіл білімінде терминология мәселелерін зерттеген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және шетелдік ғалымдарды былай қойғанда, қазақ ғылымындағы терминологияның қалыптасып, дамуына үлес қосқан ғалымдар: А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханұлы, Е. Омаров, Қ. Жұбанов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, Т. Жүргенов, М. Жұмабаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов т.б. есімдерімен қатар, кейінгі аға буын өкілдері: І. Кеңесбаев, Ә. Қайдаров, М. Балақаев, Ш. Сарыбаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ә. Айтбайұлы, Р. Өркенова, С. Исаев және кейінгі толқын іні буын

өкілдері: Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, т.б. [1] және қазақ әскери терминологиясын тарихи тұрғыдан зерттеген ғалым Н. Ысқақова [2] т.б. отандық ғалымдар мен зерттеушілер қазақ ғылымының түрлі салаларына қатысты терминдер мәселесін сөз еткендіктен, бұл жерде қайталап жатпадық. Бір сөзбен айтқанда, олар, сөз жоқ, ұлт тілінің, ұлттық терминологияның дамуына өз үлестерін қосты және қосуда.

Осы орайда, академик В.В. Виноградовтың: «Қандай да болмасын ғылым мен мәдениет, өндіріс салалары терминдерінің тарихы дегеніміз – табиғат пен қоғам жайындағы білімнің даму заңдылығының баяндалуы. Кез келген ғылым тарихы сол саладағы ұғымдар мен терминдердің даму тарихын сөзсіз қамтиды» [3, 3-10-бб.], – деген көзқарасы жоғарыдағы ғалымдардың әрбір ғылым саласындағы терминдер жүйесінің қалыптасуы туралы айтқан пікірлерімен үндесіп жатыр. Сонымен, тілімізде: «Термин (лат.terminus – шек, шекара) – ғылым мен білім саласында ұғымдарды дәл атау үшін қолданылатын арнайы сөздер мен сөз тіркестері» [4, 387-б.], – деп берілсе, кез келген сөзді термин деп тануда мынадай негізгі қасиеттері болу керектігін ғалым Д.С. Лотте: «1) значение термина должно быть определено ясно и точно; 2) в рамках данной науки термин должен быть однозначным; 3) в рамках данной науки для обозначения одного специального понятия должен использоваться только один термин; 4) термин должен быть по возможности краток; 5) термины должны обладать значительной деривационной способностью; 6) термины должны быть построены по универсальным моделям» [5, с.83], – деп атап көрсеткендей, жоғарыдағы анықтамадан және оны тану белгілерін, *авиация термин сөздеріне де тән* деп қараған орынды. Бір сөзбен айтқанда, авиация (*әуе кемесі – астын сызған біз*) термині деп, сол саланың белгілерін нақты атау үшін білдіретін арнайы сөздер мен сөз тіркестерінің өзара байланысын зерттейтін салалық лексикалық аталымды (ұғым-түсінікті) айтамыз. Алайда, зерттеуші ғалымдар, қазақ терминологиясында ғылымның өзге салалары, оның ішінде авиация саласында ана тіліміздің мүмкіншіліктерін молынан пайдалануда негізінен халықаралық және орыс тілінен енген сөздер арқылы терминдер қалыптасқанын және оның 70-80 пайызын кірме сөздер (терминдер) құрайды деген пікірлері жасырын емес.

Мәселені қою. Зерттеу объектісі етіп алынған әуе кемесі (азаматтық және әскери авиация) саласындағы терминдердің ортақтығы мен ұқсастық проблемасы тіл білімінің маңызды міндеттерінің бірі десек, зерттеуші Е.Г. Пыриков әскери термин ұғымын одан әрі нақтылап: «Военный термин определяется как единица лексической номинации (слово или устойчивое словосочетание), закрепленная уставами и наставлениями за одной из понятий в системе военной науки и ограниченная в своем употреблении военным подязыком в значении, строго регламентированном дефиницией» [6, 98-б.], – деп жазғандай, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық процестің дамуында өзінің ерекше қызметі жағынан шектелген заттардың атауы мен нақты ұғымын білдіретін авиациялық терминология проблемасы қазіргі таңда да, болашақта да ғылым тілі болып қала беретіні сөзсіз.

Жалпы, әуе кеңістігінде ұшуды қамтамасыз ету қызметі құрамына қарай: азаматтық авиация және әскери авиация болып екі топқа бөлінетінін ескерсек, авиация терминдерінің ортақтығы – екеуі де еліміздің әуе кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, айырмашылығы – бұлар екі ғылымның: бірі – азаматтық авиация, екіншісі – әскери авиация саласы болса да, олар да қолданылатын терминдер еліміздің қауіпсіздік мәселесі (әскери іс) аясында қалыптасып дамып, бірін-бірі толықтырып тұратыны заңдылық.

Осы орайда, зерттеуші ғалымдар өзге тілден енген терминді қазақша сөйлетуде термин жасаудың негізгі бес принципін (*аударма*: доклад – баяндама, заявка – мәлімдеме, вид – түр, т.б.; *калька*: всесоюзный – бүкілодақтық, повестка дня – күн тәртібі, книголюбы – кітапқұмар, т.б.; *синаттама аударма*: архитектура – архитектура, сәулет өнері (үйлер мен әр алуан түрлі құрылыстарды салуда практикалық жағдайларды көркемдік және идеялық заңдылықтармен ұштастыру өнері), культурной слой – мәдени қабат (адам өміріне байланысты жер қабаты), т.б.; *күрделі сөз*: месторождение – кен орны, подвесная

дорога – аспалы жол, железняк-углистый – көмірлі теміртас, т.б.; қосымшалар арқылы: беспупочный – кіндіксіз, кровопотеря – қансыру, очки – көзілдірік, т.б.) және қазақша термин жасаудағы сөзжасамның үш тәсілін (синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік) және лексика-семантикалық) басшылыққа алады. Дегенмен, жоғарыда аталған принципке қарамастан, әлі де ортақ шешімін таппаған терминдер тобы – авиацияда қолданылатын атау-терминдері.

Тақырыпқа арқау болған авиацияда жиі қолданылатын «ұшу» термині командалық мәнінде де (біздіңше, мағыналық тұрғыдан «команда» сөзінің табиғатына жақын «әмір беру, әмір» – астын сызған біз) келетінін ескеріп және ғалым Ш. Құрманбайұлының [7, 95-97-бб.] А. Байтұрсынов жасаған терминдердің бірнеше үлгісі негізінде ұлттық терминдерді қалыптастыруға болатын көзқарасына сүйеніп, авиацияға тән терминдерді тілдік тұрғыдан бір үлгімен (модельмен) беру қағидасын назарға алдық.

Негізгі бөлім. Зерттеу жұмысында әуе кемесінде командалық сипатта қолданылатын ұшу терминіне назар аударылып, мәселені нақтылау барысында отандық А. Байтұрсынов, Т. Жүргенов, Ә. Қайдаров, Ш. Құрманбайұлы, т.б. ғалымдардың еңбектерімен бірге, сөздіктер және басқа да ғылыми-ақпараттық ресурстары пайданылды.

Зерттеудің негізгі нысанасы әуе кемесіне тән терминдер лексикалық қабаттың бірі болғанымен, олар ана тілімізде термин жасау принципінде өзгеруі заңдылық. Жұмыста зерттеудің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, ұшу термині арқылы берілген тіркесті терминдердің құрылымын анықтауда, сөздіктер мен ғылыми-ақпараттық ресурстары арқылы салыстыру-талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында авиациялық терминология саласы салалық-тақырыптық белгілеріне қарай жинақталып, біршама зерттеліп, салалық терминологиялық сөздіктерге енгізілсе де, ұлт тілінде жүйелеп, ғылыми бір жүйеге түспегені белгілі. Нақты айтқанда, авиация (әуе кемесінде) саласында бір ғана ұшу термині жетекші рөл атқаратынын назарға алып, оның тіркесу қабілетіне қарай жасалған құрылымдарын бір модельмен (үлгі) беру мәселесі қарастырылды.

Зерттеуге негіз болған авиацияға тән терминдерді бір үлгімен (модельмен) беруде, оларды қазақша термин жасауда сөзжасамның үш тәсілі: синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік) және лексика-семантикалықты басшылыққа алып отырғаны байқалады. Сондықтан авиацияға тән тізбекті тіркесті терминдерді қазақшаға аударуда А. Байтұрсынов заманында жарық көрген «Орысша-қазақша әскерлік атаулар» атты терминологиялық сөздікпен еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген терминологиялық сөздіктердің атау-терминдерді жүйелеу және термин жасамдық жүйесі арасындағы сабақтастық барынша ескерілді.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы: «Терминдер құрамы жағынан түбір, туынды түбір, күрделі сөз және терминологиялық тіркес (немесе *тіркесті термин*) болуы мүмкін», – дей келе, ғалым *тіркесті термин* туралы: «Тіркесті термин (*термин - словосочетание*) – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалған термин. Ондай терминдерді кейбір ғалымдар терминологиялық сөз тіркесі (*терминологические словосочетания*) деп те атайды. Оған: «Терминологиялық сөз тіркесі – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі (немесе бірнеше) толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі» деген анықтама береді (Авербух К.Я.).

Бұл анықтамаларда қайшылық жоқ. Екінші анықтама біршама толықтау болғанымен, онда алдыңғы анықтамадан айтарлықтай айырмашылық байқалмайды» [8, 26-б.], – деп, одан әрі, ғалым *тіркесті терминдер* құрамындағы сөздердің тіркесу қабілетіне қарай: тұрақты, еркін тіркесті термин және тізбекті тіркесті термин дей келе, сыңарларына (компонент) қарай: көп сыңарлы, екі, үш және төрт сыңарлы термин деген көзқарасы азаматтық/әскери авиация терминдеріне де қатысты деп қараймыз.

Зерттеуден байқағанымыздай, азаматтық және әскери авиация терминдерінің басым көпшілігі тіркесті терминдер, яғни синтаксистік жолмен жасалатынын және бұл тәсіл азаматтық/әскери авиация терминдері аясында толық зерттелмегенін ескерсек, оның

термин жасау процесі туралы ғалым Т. Сайрамбаевтың: «сөз тіркестерінің күрделенуінің жаңа формасын, жаңа мағыналық тобы мен құрылымын туғызып отыр» [9, 13-б.], – деп атап көрсеткендей, кез келген сөздің тілдік қабаты сияқты, терминдердің тілдік қабатын (тобын) анықтауда, авиацияда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін өз алдына жеке қарастыру қажеттілігін аңғарамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, азаматтық және әскери авиациялық оқу орындарының оқу үрдісінде ортақтығымен бірге, бір-бірімен ерекшелігімен де бөлінеді. Алайда, кез келген тілдің лексикалық құрамы әртүрлі болатыны сияқты, терминдердің қалыптасуы мен дамуы тұрғысына, өзіндік ерекшеліктері мен атқаратын қызметіне қарай тілдік қабаты (тобы) туралы ғалым В.П. Даниленко үш түрін (терминдік қабатын): жалпы ғылыми, салааралық және нақты бір ғылым саласының терминдері [10, 119-б.], – деп атап көрсеткендей, жоғарыдағы тілдік қабаттар аясында өзіндік құрылымы бар әуе кемесіне тән терминдерді де қарастыруға болатынын көреміз. Сондай-ақ, тіліміздегі көнерген және жаңа сөздер сияқты, уақыт ағымына қарай терминдер өзгеріп, ескіріп, жаңарып отыратындығын ескерсек, оларды жаңа және ескі терминдер қабаты деп, тілдік қабат аясында топтауға болмас па деген ойға жетелейді. Әрине, бұл – біздің пайымдауымыз.

Осы орайда, әскери ұшқыш мамандығына арналған оқулықтағы [11] экипаждың ұшу дайындығының алғашқы негізгі ұғым-термин «ұшу» сөзінің қатысуымен жасалған кейбір термин-атаулардың тіркесу қабілеті мен олардың компоненттері, яғни нақты бір ғылым саласының терминдері (терминдік қабат) мынадай тірек термин сөздер мен сөз тіркестері аясында өрбитініне көз жеткізілді. Мысалы:

Взлет – ұшу (не *ұшып шығу*);

Расчет – есептеу;

Посадка – қону;

Разгон – жылдамдықты алу/арттыру;

Ознакомительный полет – ұшуды таныстыру;

Показной полет – ұшуды көрсету;

Вывозной полет – ұшу элементтерін (не *оқу үрдісінде теориялық және практикалық сабақтарда алған ұшу элементтерінің түрлерін*) көрсету;

Контрольной полет – ұшуды бақылау;

Методической полет – ұшу әдісін (не *ұшудың түрлері мен элементтері бойынша ұшу нұсқаулығына сай дайындығын*) көрсету (не *тексеру*);

Тренировочной полет – ұшудың оқу-жаттығуы (не *оқу-жаттығу ұшуы*);

Зачетный полет – ұшу сынағы (немесе *ұшудың қорытынды есебі*);

Заход на посадку – қонуға бағыттау (не *қонуға ыңғайлану, бет алу*);

Простой, сложный и высший пилотаж – жәй, күрделі және жоғары ұшу;

Разгон максимальной скорости – барынша жылдамдықты алу;

Набор практического потока – практикалық ағынын іріктеу;

Полеты по приборам под шторкой, ночью и облаках – түнде және бұлттарда, пердешелер астында прибор бойынша ұшу;

Групповая слетанность – топпен қосарланып ұшуға жаттығу, т.б.

Материалды зерделеуде *взлет, полет* тірек термин-атау сөздері қазақ тілінде бір ғана *ұшу* сөзімен берілсе, кейде *взлет* сөзі мәтін қолданысына қарай *ұшып шығу* мағынасын да білдіреді. Сонымен, «*ұшу*» (полет) сөзінің қатысуымен жасалған тіркесті терминдердің компоненттеріне (сыңары) қарай: екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы және көп сыңарлы болып келетінін байқадық. Олар құрылымына қарай:

Екі сыңарлы:

Ознакомительный полет – ұшуды таныстыру;

Показной полет – ұшуды көрсету;

Вывозной полет – ұшу элементтерін (не *оқуда үрдісінде теориялық және практикалық сабақтарда алған ұшу элементтерінің түрлерін*) көрсету;

Контрольной полет – ұшуды бақылау;

Методической полет – ұшу әдісін (не ұшудың түрлері мен элементтері бойынша ұшу нұсқаулығына сай дайындықты) көрсету (не тексеру);

тренировочной полет – ұшудың оқу-жаттығуы (не оқу-жаттығу ұшуы);

зачетный полет – ұшу сынағы (немесе ұшудың қорытынды есебі);

высота полета – ұшу биіктігі;

маршрут полета – ұшу маршруты (не ұшу сапар желісі, ұшу жол бағыты);

обеспечение полетов – ұшуды қамтамасыз ету;

план полета – ұшу жоспары;

полет вне трассовой – трассадан (не жолдан) тыс ұшу;

эшелон полета – ұшу эшелоны (не құрамы), т.б.

Үш сыңарлы:

воздушные коридоры полета – ұшудың әуе дәлізі (не әуе дәлізінде ұшу);

высота полета относительная – салыстырмалы ұшу биіктігі;

высота полета абсолютная – абсолютті ұшу биіктігі;

высота полета истинная – (шынайы) ұшу биіктігі(нің) ақиқаты;

задание на полет – ұшуға тапсырма;

заявка на полет (предварительный план полета) – ұшуға тапсырыс (алдын ала ұшу жоспары);

зона ограничения полетов – ұшу аймағын шектеу;

навигационный элемент полета (нэ) – ұшудың навигациялық элементі (нэ);

план полетов суточный – тәуліктік ұшу жоспары;

план полета текущий – ағымдағы ұшу жоспары;

полетно-информационное обслуживание – ұшу-ақпараттық қызмет көрсету;

радиолокационное обеспечение полетов (рло) – ұшуын радиолокациялық қамтамасыз етуі (қамсыздандыруы) (ұрк);

обучение технике пилотирования – ұшуды оқыту техникасы;

обучение самолетовождению (навигации) – ұшақты жүргізуді оқыту;

летно-тактическая подготовка – ұшу-тактикалық даярлық, т.б.

төрт сыңарлы және көп сыңарлы;

время полета воздушного судна – әуе кемесінің ұшу уақыты;

обеспечение полетов аэронавигационной информацией – аэронавигациялық ақпаратты ұшуда қамтамасыз ету;

полетно-информационное воздушное пространство (пи вп) – әуе кеңістігіндегі ұшу-ақпараты (эк ұа);

обучение боевому применению самолета – ұшақты ұрыста қолдануды оқыту, т.б. [11, 25-30-бб.].

Біздіңше, жоғарыдағы бір ғана ғылым саласына тән терминдер қабатын айқындауда, сол ғылымға тән терминдерді жүйелеу, әрі оған тән жеке сөздігін құрастыруда белгілі дәрежеде тиімді екеніне байқаймыз.

Мақала көлеміне орай, «ұшу» сөзімен келген орыс тіліндегі екі, үш, төрт және одан да көп сыңарлы тіркесті терминдерді қазақшаға аударғанда, оның бастапқы құрылымының сақталуына назар аударылды да, олардың құрамына қарай (түбір, туынды түбір, күрделі сөз) терминжасамдық тәсілдеріне (синтетикалық (морфологиялық) және лексика-семантикалық) тоқталмадық.

Ғалым Ш. Құрманбайұлының тізбекті тіркесті терминге [12, 27-б.] берілген анықтамасын басшылыққа алып және жоғарыдағы «ұшу» сөзінің қатысуымен жасалған тіркесті авиация терминдері мен атаулардың өн бойына зер салсақ, оларда *тізбекті тіркесті терминдер* (цепочечный термин) кездесетінін (мысалдардан қараңыз) және соның ішінде салалық (әуе кеңістігі) терминдік жүйелілікті сақтауға ұйытқы болып отырғанына көз жеткізілді. Мысалы, Әуе қорғаныс күштерінде *шабуыл* сөзі орыс тілінде бір ғана *налет* (авиа. терм.) сөзімен, ал Қарулы Күштердің Құрлықтағы, Теңіздегі әскер тектері мен түрлерінде *атака*, *нападение*, *наступление* сөздерімен берілсе, Ахаң

аудармасындағы *шабуыл* сөзіне ерекше мән беріп, ғалым Ш. Құрманбайұлы: «Әскерлік атауларында олардың өзіндік мағыналық ерекшеліктерін ескерілгенін *атака* – *шапқын*, *набег* – *шабу*, *бас салу*, *наступление* – *ұмтыла ұрыс* түрінде аударылғанын да байқауға болады» [12, 5-6-б.], – дегендей, салалық терминдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай қазақ тілінде сөйлетуге болатынын орынды келтіреді. Дейтұрғанмен, авиация не әскери терминдер болсын, тіпті, өзге тілді ана тілінде сөйлетуге келгенде, осы саланың ғалым-мамандары арасында әртүрлі пікірлердің болуы: *біріншіден*, дүниежүзінде авиация/әскер тілі орыс не ағылшын тілінде, не өзге тіл арқылы берілуін алға тартып, оны қазақ тіліне аударып, термин жасаудың қажеттігі жоқ (мысалы, *гвардия* – ұлан, *гильза* – оқсауыт, *вертолет* – тікұшақ, т.б. дүниежүзінде осылай аталады) деген пікірлердің үстем болуы; *екіншіден*, авиация/әскери терминдерді қазақ тіліне аударғанда не ұтамыз деген кереғар пікір де жатса керек. Мұндай пікірдің болуы ащы да болса шындық, ондай пікірлерді ұстанушыларға айтар дәлеліміз: осы бағытта алғашқы болып, сонау 20-30 жылдары қазақ зиялысы, тілші-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы әскери терминдерді қазақ тілінде сөйлетудің алғашқы қадамдарын жасап, өзінің «Орысша-қазақша әскерлік атаулар (Русско-казакская военная терминология)» деген терминологиялық сөздігі [13] арқылы әскер тілін ана тілінде сөйлетуге болатынын (мысалы, аламан – партизан, қашақ – дезертир, тіреуіш – кранштейн, өтім – пропуск, т.б.) және әскер тілін қазақ ғылыми тіліне айналдыруда әскери термин мәселесі жетекші рөл атқаратынын дәлелдеген болатын. Сондай-ақ, кезінде мемлекет қайраткері Т. Жүргенов «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында 20-жылдары қазақ термин жасау процесінде ұлт ұстазы Ахаң ұсынған принципті басты ұстаным етіп, термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді метафоралану, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынған пікірі бүгінде де өз мәнін жойған емес. Сондықтан қазақтың қос зиялысы А. Байтұрсынов және Т. Жүргенов өз заманында қазақ терминдердің жүйеленген үлгісін жасауы (ұсынуы), яғни қазіргі тілмен айтқанда, ұлттық авиация/әскери терминдерді ғылыми жүйеге бір модельмен беру мәселесін сөз еткенін көреміз.

Соңғы жылдары қоғамда пайда болған ақпараттық қауіпсіздік технология мәселесі аясында әуе кемесіне (азаматтық/әскери авиация) тән терминдер, одан әрі дамытылып өзекті проблеманың біріне айналууда. Соның бірі – *кибер* сөзі қазіргі қоғамның кез келген саласында жиі қолданыста. Мысалы, *әскери салада* (*әскери/азаматтық авиацияда*) – кибершабуыл, киберкеңістік, киберұрыс, *банкте* – кибербанк; *медицинада* – кибернож (киберпышақ); *мәдениетте* – киберкульт (кибермәдени); *ойындарда* – кибертанк, т.б.

Ақпарат ретінде: Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында ашылған әскери бағыттағы болашақ әскери журналистика мамандық иелері қазақ әскери терминдерінің одан әрі қалыптасуына, нақты айтқанда, оның дефинициясын, жүйесін, қолданыстағы бірізділігін сақтауға және ең дұрыс нұсқасын қолдануға ықпал етері сөзсіз. Бір қызығы: әуе кемесінде (азаматтық/әскери) қолданылатын «*ұшу*» термині негізінен байланыс жүйесі арқылы іске асатынына жете мән бермейміз. Бұл тұрғыдан келгенде, байланыс жүйесіне қатысты терминдер де жалпы әскери терминдерге, оның ішінде қазақтың әуе кемесі үшін де жетекші рөл атқаратыны еш күмәнсіз.

Қорытынды. Келешекте азаматтық және әскери авиацияға қатысты оқулықтары мен Жарғыларында, нормативті құжаттарында бекітілген атау-терминдерді салалық-тақырыпқа қарай жинақтап, оларды қазақ және туыстас түркі тілдерінің сөздік қорындағы сөздерді кеңінен пайдаланып, қазіргі салалық терминологиялық сөздіктерге енгізу арқылы ұлт тілінде жүйелеп, көпшіліктің игілігіне айналдыру.

Қазіргі ғаламдану процесінде бір ғана әуе кемесінде (авиацияда) қолданылатын «*ұшу*» сөзінің қатысуымен жасалған терминдерді, оның ішінде орыс-ағылшын тілдері арқылы қазақ тіліне енген авиациялық/әскери кірме сөздер мен сөз тіркестерінің әдіс-

тәсілдерін, атқаратын қызметін, сондай-ақ, түркология ғылымында «түрік изафеті» деп аталатын құрылымын бір үлгімен (модельмен) беру көрінісін және тіркесті терминдердің құрамын анықтау жолдарын басшылыққа алып, бір модельмен беру мәселесін жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті проблемалардың бірі. Оның басты себебі, қазақ тілінің сөздік құрамы мен қорындағы сөздер арқылы әуе кемесіне (азаматтық/әскери ұшқыш) тән салалық терминдердің айырмашылығын, мағыналық ерекшеліктерін, баламалылығын (варианттылығын), ортақ заңдылығын өз алдына салалық-тақырыптық белгілеріне қарай жинап, қамтылатын тілінің санына байланысты үш тілді авиациялық/әскери терминологиялық сөздіктерді (қазақ-орыс-ағылшын) құрастыру арқылы ұлттық терминологиямыздың қалыптасуына және қазақ терминдеріне деген қажеттіліктің дамуына септігі тигізері хақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Қайдаров Ә.Т., Айтбаев Ә. А. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жайы мен міндеттері // Кіт.: Қазақ терминологиясының мәселелері. – А., 1986. – 9-30-б.;
- 2 Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Аст., 2007. – 208 б.
- 3 Исакова Н.С. Казахская военная терминология. История становления и развития (1920-2008 гг.). Монография. – Аст., 2005. – 226 с.
- 4 Виноградов В.В. Вступительное слово (на Всесоюзном совещании) // В кн.: Вопросы терминологии. – М., 1961, – с. 3-10.
- 5 Қазақ тілі. Энциклопедия. – А.: Қазақстан даму институты, 1998. – 512 б.
- 6 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической и др. Терминологии // Вопросы теории и методики. – М., 1961. – с. 83.
- 7 Пыриков Е.Г. Лексика и терминология современного японского языка в сопоставительном освещении. – М., 1988. – с. 98.
- 8 Құрманбайұлы Ш. Ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудағы жүйелілік мәселесі // Кіт.: Мемлекеттік тіл: терминология, ісқағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Жинақ. – Аст., 1999. – 464-б.
- 9 Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Аст.: Ер-Дәулет, 2007. – 208 б.
- 10 Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің ортақ басыңқы сынары туралы// Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. – №2. – 1988. – 11-17 бб.
- 11 Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Аст., 2005. – 119 б.
- 12 Организация и методика боевой подготовки авиационной части, соединения. Учебник/Под общей ред. г/м авиации С.А. Каленского. – Монино: Военно-воздушная академия им. Ю. Гагарина. – М., 1988. – с. 332.
- 13 Құрманбайұлы Ш. Терминтану: Оқу құралы. – А: Атлас, 2006. – 244 б.

REFERENCES

- 1 Qaidarov Ä.T., Aitbaev Ö. A. Qazaq terminologiasynyñ qalyptasu tarihy, qazırgı jaiy men mindetteri//Kit.: Qazaq terminologiasynyñ мәseleleri. – A., 1986. – 9-30b.
- 2 Qürmanbaiüly Ş. Termintanuşyqūraly. Sözdik-oqulyq. –Ast., 2007. – 208 b.
- 3 Iskakova N.S. Kazahskaya voennaya terminologiya. Istoriya stanovleniya i razvitiya (1920-2008 gg.). Monografiya. –Ast., 2005. – 226 s.
- 4 Vinogradov. V.V. Vstupitel'noe slovo (na Vsesoyuznom soveshhanii)//Vkn.: Voprosy terminologii. – M., 1961. – S. 3-10.
- 5 Qazaq tılı. Ensiklopedia. – A.: Qazaqstan damu instituty, 1998. – 512 b.
- 6 Lotte D.S. Osnovy postroeniya nauchno-tehnicheskoi dr. terminologii//Voprosy teorii i metodiki. – M., 1961. – S. 83.
- 7 Pyrikov E.G. Leksika i terminologiya sovremennogo yaponskogo yazyka v sopostavitel'nom osveshhenii. – M., 1988. – S.98.

8 Qūrmanbaiūly Ş. Ūlttyq ğylymi terminologiany qalyptastyrudaǵy jūielılık māseselesı//Kit.: Memlekettik tıl: terminologia, is qaǵazdary men būqaralyq aqparat qūraldarynyñ tılı. Jinaq. –Ast., 1999. – 464b.

9 Qūrmanbaiūly Ş. Termintanuşy qūraly. Sözdik-oqulyq. –Ast.: Er-Däulet, 2007.–208 b.

10 Sairanbaev T. Qazırgı qazaq tılındegı söz tırkesınıñ ortaқ basyñqy syñary turaly// Qazaq SSR ĞA Habarlary. Filologiaserıasy. – №2. – 1988. – 11-17 bb.

11 Äbdıräsılov E. Qazaq terminografiasynyñjüiesı. –Ast., 2005. – 119-b.

12 Organizaciya i metodika boevoi podgotovki aviacionnoi chasti, soedineniya. Uchebnik/Pod obshhej red. g/m aviacii S.A. Kalenskogo. –Monino: Voenno-vozdushnaya akademiya im. Yu. Gagarina. – M., 1988. –S. 332.

13 Qūrmanbaiūly Ş. Termintanu: Oquqūraly. – A.: «Atlas baspasy– 2001», 2006. – 244 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Қожанұлы Манасбай, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, *m_kozhanuly@mail.ru*;

Исмагулова Нургул Сайдуллаевна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, майор, ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы, *nurgulismagulova@mail.ru*;

Бисенбаева Жанат Николаевна, PhD докторы, қауымдастырылған профессор, шет тілі кафедрасының бастығы, *zhanat_2006@mail.ru*.

Сведения об авторах:

Кожанулы Манасбай, кандидат филологических наук, профессор, *m_kozhanuly@mail.ru*;

Исмагулова Нургул Сайдуллаевна, кандидат филологических наук, профессор, майор, начальник научно-исследовательского отдела, *nurgulismagulova@mail.ru*;

Бисенбаева Жанат Николаевна, доктор PhD, ассоциированный профессор, начальник кафедры иностранных языков, *zhanat_2006@mail.ru*.

Information about authors:

Kozhanuly Manasbay, candidate of philological sciences, professor, *m_kozhanuly@mail.ru*;

Ismagulova Nurgul Saydullaevna, candidate of philological Sciences, Professor, major, Head of the Research Department, *nurgulismagulova@mail.ru*;

Bissenbayeva Zhanat Nikolaevna, PhD, associate professor, the head of foreign language department, *zhanat_2006@mail.ru*.

Мақаланың редакцияға түскен уақыты: 16.07.2024 ж.

D. UTEBAYEVA¹, L. ILIPBAYEVA², N. SMAILOV¹, E. MATSON³¹Satbayev University, Almaty, Kazakhstan²International IT University, Almaty, Kazakhstan³Purdue University, West Lafayette, USA

INVESTIGATION OF RECENT METHODS OF UAV SOUND DETECTION

Annotation. Unmanned aerial vehicle events that pose a threat to human life have started to happen as a result of their increased versatility, flexibility, and accessibility. Because of this, it is now more important than ever to identify unmanned aerial aircraft. An outline of current research trends in drone sound recognition is given in this study. A review of the most recent cutting-edge drone methods explores the many acoustic sensing approaches being developed to carry out missions in dubious circumstances, as well as assesses their range of use and accuracy rates in recognition. Consequently, conversations about creating new UAV sound detection tasks with deep learning and machine learning techniques arose.

Keywords: drone sound recognition, machine learning, deep learning, suspicious drone recognition.

Д.Ж. УТЕБАЕВА¹, Л.Б. ИЛИПБАЕВА², Н. СМАЙЛОВ¹, Е. МАТСОН³¹Сәтбаев университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы²Халықаралық Ақпараттық Технологиялар университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы¹Сәтбаев университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы³Purdue университеті, Уэст Лафайетт, АҚШҰШҚЫШСЫЗ ҰШУ АППАРАТТАРЫНЫҢ ДЫБЫСЫН
АНЫҚТАУДЫҢ СОҢҒЫ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Түйіндеме. Ұшқышсыз ұшу аппараттарының көп қызметті, икемді және қол жетімді етіп шығарыла бастауына орай олармен адам өміріне қауіп беруі мүмкін инциденттер де кездесе бастады. Осыған орай енді ұшқышсыз ұшу аппараттарын тану тапсырмасы өзекті бола бастады. Осы зерттеу жұмысы ұшқышсыз ұшу аппараттарының дыбыстары арқылы танудың соңғы зерттеу бағыттарын қарастырып шолу жасайды. Зерттеу барысында ұшқышсыз ұшу аппараттарының соңғы заманауи әдістері күдікті жағдайлар үшін қойылатын тапсырмаларды орындау мақсатында дамып жатқан акустикалық сенсор әдісінің түрлерін талқылап, олардың қолдану аясы мен тану дәлдіктері көрсеткіштерін сараптайды. Нәтижесінде машиналық оқыту және терең оқыту әдістері көмегімен ұшқышсыз ұшу аппараттарының дыбыстарын танудың жаңа тапсырмаларды орындау бойынша дамудың өрбуі туралы талқылаулар жасалды.

Түйін сөздер: ұшқышсыз ұшу аппараттары дыбыстарын тану, машиналық оқыту, терең оқыту, күдікті дрондарды тану.

Д.Ж. УТЕБАЕВА¹, Л.Б. ИЛИПБАЕВА², Н. СМАЙЛОВ¹, Е. МАТСОН³¹Сәтбаев университет, г. Алматы, Республика Казахстан²Международный Университет Информационных Технологий,
г. Алматы, Республика Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ЗВУКОВОГО ОБНАРУЖЕНИЯ БПЛА

Аннотация. В связи с тем, что беспилотные летательные аппараты становятся все более универсальными, гибкими и доступными, стали происходить и инциденты, которые могут поставить под угрозу жизнь человека. В связи с этим задача распознавания беспилотных летательных аппаратов стала более актуальной. В этой исследовательской статье представлен обзор последних направлений исследований в области распознавания звуков дронов. В ходе исследования новейших современных методов беспилотных летательных аппаратов обсуждаются виды методов акустических датчиков, разрабатываемые для выполнения поставленных задач в подозрительных ситуациях, а также оцениваются область их применения и показатели точности распознавания. В результате состоялись обсуждения по разработке новых задач распознавания звука БПЛА с помощью методов машинного обучения и глубокого обучения.

Ключевые слова: распознавание звуков БПЛА, машинное обучение, глубокое обучение, распознавание подозрительных дронов.

Introduction. Unmanned aerial vehicles (UAVs) can now carry out a wide range of useful functions. This is a result of technology developing so quickly. Technology is developing at a quick pace, and advancements in GPS are helping drones become more compact, lighter, accurate, and versatile on a daily basis. In other words, UAVs are suited for responding to many types of traffic-related problems. They are capable of getting to the required locations swiftly. Because they can access difficult-to-reach areas from several perspectives and are reasonably priced, unmanned aerial vehicles are employed in a variety of public fields outside of the military [1-4].

UAVs are utilized for everything from first aid and natural disaster relief to official duties like border security and fire control. It can also be seen in crowd scenes, object surveillance, and general film production [5,6,13]. Thus, in addition to the previously mentioned benefits, drones have also made some progress toward advancing the issue of protected area security by broadening the scope of their application. This is because they have been involved in numerous incidents that have had a negative impact on human life in ordinary circumstances, such as drone shows, launches during celebrations, falling on people owing to technical issues and control errors, injuring people or children, and illegally entering schools, kindergartens, and special protected areas. There is a chance that there will be both bodily and psychological risk [3, 13]. Due to their extensive use, establishments both on the ground and in the air now face concerns regarding privacy, security, and human safety. For regulatory bodies, security services, and aviation authorities worldwide, quickly and accurately identifying drones exhibiting questionable behavior has become a vital concern [2, 3, 5]. Researchers from all over the world have become interested in this problem, which has highlighted the *importance* of studying the problem of effective and instantaneous detection of UAV intrusions into protected areas. Thus, the study of UAV detection has increased the importance of identification methods in this regard, especially for bimodal systems that perform extremely complex tasks [13]. In earlier research publications, the issue of unmanned aerial vehicle (UAV) identification was tackled by four conventional approaches: Radar, Acoustic and Computer Vision sensors, Radio Frequency (RF) analysis or SDR methods [2, 3, 6]. The presence or lack of drones in particular locations is typically taken into consideration by these four ways. Furthermore, a necessity to identify the different states of unmanned aerial vehicles as well as their appearance on protective moons is brought about by the current research wave. A number of challenging problems have emerged, including estimating the probability that UAVs will carry special payloads, estimating the range they can

fly without damaging protected areas, and assessing the accuracy of this probability. In addition, [13] studies how the use of acoustic sensor techniques can more successfully address these challenging problems. The objective of this study is to review the latest methods for identifying UAVs based solely on their noise. The main objective of this review is to examine the latest developments in UAV sound detection and classification algorithms to address challenging problems.

The Relevance of the Drone Sound Detection

Drones are difficult to detect visually, especially in urban environments, and can operate at both low and high altitudes due to their small size and mobility. As a result, drone sound detection, an approach using acoustic sensors, can help individuals, businesses, and special agencies recognize these devices and provide an additional level of awareness that allows for rapid response [1-3,13].

The Fundamentals of Drone Sound Detection Field

Traditionally, drone sound detection techniques have relied on recording and examining the sounds that unmanned aerial vehicles generate. These sound profiles are typically associated with specific frequencies and intensities of sound produced by the drone's rotors, engine, and other mechanical parts [3, 7, 8, 13].

Intellectual Drone sound detection systems consist primarily of the following parts as in Table 1 below.

Table 1. Intellectual Drone sound detection systems components

№	Components	Objectives
1	Microphones	They are carefully placed in desired locations or critical infrastructure where drone activity is expected.
2	Sound Processing methods	The audio data recorded by the microphones is analyzed using sophisticated signal processing methods for audio signals. These algorithms have the ability to distinguish between drone sounds and ambient noise, filter out unwanted noise, and recognize distinctive acoustic patterns connected to various drone types.
3	Deep Learning and Machine Learning Techniques	Improving the precision and dependability of UAV sound detection systems is largely dependent on machine learning and deep learning techniques of artificial intelligence. These systems can identify drone occurrences in real time and determine their statuses with high accuracy by training algorithms on an extensive collection of drone sounds.
4	Integration with other Sensor	To give a comprehensive situational awareness, UAV sound detection systems are frequently connected with various sensor networks, including radar, video surveillance, and infrared cameras.

The efficiency of drone recognition and even tracking is improved overall by integration or combination of other traditional sensors [9-13].

Methods. Recently, sound-based approaches have demonstrated potential in the resolution of intricate issues requiring detection and prediction outside of the field of drones. Drones in flight produce a range of sounds that can be applied for detection due to their engines, propeller blades, aerodynamic features, etc. Propeller blade sound frequencies are utilized in this instance because they have a very big amplitude and can be used as an input database for deep learning or machine learning techniques.

Many studies examine drone sounds and use parameters including frequency, loudness, modulation, and duration to identify drone presence [2, 14-21]. A recent series of research

addresses machine learning and deep learning approaches to recognition challenges. Drone sound detection techniques using machine learning and deep learning methods are covered in Table 1 [13] below, which summarizes some of the most recent research findings.

Table 2 - Analysis of scientific works related to acoustic sensor methods

Machine learning methods <i>HMM, GMM; SVM</i>	Deep Learning methods <i>CNN</i>	Deep Learning methods <i>RNN</i>	Deep Learning methods <i>RNN - CNN</i>	Deep Learning methods <i>CNN-RNN</i>
	Estimating the load of UAVs using the CNN method			
	Multi-classification with CNN method: distinguishing between unloaded and loaded UAVs			
	Recognition by different classification using CNN method			
Classification by PIL, KNN methods				
		Multi classifications		
			Multi classifications	
Binary classification by GMM method	Binary classification using CNN method			
	Binary classification using CNN method	Binary classification using RNN method	Binary classification using CRNN method	
Multiple classification using HMM method				
Classification by Random Forest method				
Classification by SVM method				
Complex based Classification by				

SVM method				
Note – The source is compiled in order [7, 863-865 p.; 8, 241-244 p.; 9, 3-148 p.; 10, 2-4 p.; 15, 452-457 p.; 11, 471-473 p.; 12, 1858-1860 p.]				

Table [13] shows how deep learning and machine learning techniques have attempted, within the parameters of recent studies, to assess whether drone sounds are present or not when carrying out difficult tasks. As per reference [3], it is demonstrated as a future study to estimate the distance using the drone's sound. In order to create a dependable system, it is also suggested that distinct acoustic sensors be incorporated into the bimodal system, which is capable of carrying out these intricate positions. These investigations have proposed tasks to assess the presence of suspicious drones, including assessing the probability of their payload, determining or predicting their diversity, and predicting their distances. The prospect of identifying suspicious drones based on their sounds is taken into account in the context of these duties.

Results of the studies. Results of the research

State-of-the-art methods of determining the sound of drones based on machine learning methods

The research on UAV sound detection presented in the previous section allows us to classify the UAV sound recognition methods as shown in Figure 1. That is, by dividing the positions into three main categories, the ways of using machine learning or deep learning algorithms to recognize UAV sounds are still being explored.




Figure 1. – Development directions of the latest methods of sound detection of unmanned aerial vehicles

The proposed study directions were investigated by the use of UAV sounds detection experiments, which demonstrated a high recognition accuracy in predicting the presence of a suspicious drone. Furthermore, [3] suggests that drone distance prediction be studied further in the future. This means that deep learning and machine learning methods served as the foundation for all of these studies.

Discussions. There are also difficulties and limitations in recognizing and identifying drones by their sounds. Although the methods of detecting the sounds of unmanned aerial vehicles have significant advantages, they have several difficulties and limitations [3,13]:

1 Background Noise: Urban areas are often characterized by high levels of background noise that can prevent drones from accurately detecting sounds.

2 Variability in drone acoustics: Different types of drones produce unique acoustic signatures, and these signatures can vary depending on factors such as the size of the drone, its propulsion system, and flight characteristics. Developing robust detection algorithms that respond to this variability is an important challenge. Or need to build a large database of drone sounds from individual models.

3 False Positives: Sometimes drones are mistakenly recognized for items that make noises like those of airplanes, helicopters, birds, or other machines, resulting in false alarms.

Future Works

Despite the indicated difficulties, continuous research and experimental work is aimed at improving the capabilities of sound detection systems of unmanned aerial vehicles. Future research areas include:

«Multi-Sensor Fusion» - Increasing detection accuracy and lowering false positives by combining drone sound detection with radio frequency (RF), acoustic, and optical sensing.

«Real-Time Response Mechanisms» - Providing automatic response systems that can be used to notify law enforcement or activate anti-drone devices in real-time when they detect unwanted drone activity.

Research on predicting drone distance recognition using machine or deep learning techniques.

Conclusion. Among the many problems brought on by the increasing use of drones are those related to drone sound detection. These systems can monitor and react to suspected drone actions, improving security and privacy, by utilizing advancements in sensor technology, signal processing, and machine learning. Studying the tools and techniques required for quick detection of suspicious drones entering protected zones is the foundation of this field's research efforts. Further, these procedures can be seen as a network of studies with the goal of guaranteeing the security of people.

Funding. The research was funded by the Scientific Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (grant IRN AP14971907, “Development of a robust frequency-based detection system for suspicious UAVs using SDR and acoustic signatures”).

REFERENCES

- 1 Taha B. and Shoufan A., "Machine Learning-Based Drone Detection and Classification: State-of-the-Art in Research," in IEEE Access, vol. 7, pp. 138669-138682, 2019, doi: 10.1109/ACCESS.2019.2942944.
- 2 Seidalieva, U.; Ilipbayeva, L.; Taissariyeva, K.; Smailov, N.; Matson, E.T. Advances and Challenges in Drone Detection and Classification Techniques: A State-of-the-Art Review. Sensors 2024, 24, 125. <https://doi.org/10.3390/s24010125>
- 3 Utebayeva, D.; Ilipbayeva, L.; Matson, E.T. Practical Study of Recurrent Neural Networks for Efficient Real-Time Drone Sound Detection: A Review. Drones 2023, 7, 26. <https://doi.org/10.3390/drones7010026>
- 4 “The complete history of drones for police and law enforcement”. <https://www.axon.com/resources/history-of-drones>
- 5 Samaras, S.; Diamantidou, E.; Ataloglou, D.; Sakellariou, N.; Vafeiadis, A.; Magoulaitis, V.; Lalas, A.; Dimou, A.; Zarpalas, D.; Votis, K.; et al. Deep Learning on Multi-Sensor Data for Counter UAV Applications—A Systematic Review. Sensors 2019, 19, 4837. [Google Scholar] [CrossRef]
- 6 Utebayeva D. Ilipbayeva L. INVESTIGATION OF ACOUSTIC SIGNALS IN UAV DETECTION TASKS FOR VARIOUS MODELS, Вестник Ауэс, 2020, 3 (50), https://doi.org/10.51775/1999-9801_2020_50_3_38
- 7 Li S., Kim H., Lee S.D. et al. Convolutional Neural Networks for Analyzing Unmanned Aerial Vehicles Sound // Procceed. 18th internat. conf. on Control, Automation, and Systems (ICCAS). – Daegwallyeong, 2018. – P. 862-866

- 8 Lim D., Kim H., Hong S. et al. Practically Classifying Unmanned Aerial Vehicles Sound Using Convolutional Neural Networks // Procceed. 2nd IEEE internat. conf. on Robotic Computing (IRC). – Laguna Hills, 2018. – P. 242-245
- 9 Utebayeva D., Research of effective UAV detection using acoustic data recognition. PhD thesis, 2024 May 24, https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=en&user=kA37U7gAAAAJ&authuser=2&citation_for_view=kA37U7gAAAAJ:Y0pCki6q_DkC
- 10 Fagiani, F.R.E. UAV Detection and Localization System Using an Interconnected Array of Acoustic Sensors and Machine Learning Algorithms. Ph.D. Dissertation, Purdue University, West Lafayette, IN, USA, 2021. [Google Scholar]
- 11 Tejera-Berengue, D.; Zhu-Zhou, F.; Utrilla-Manso, M.; Gil-Pita, R.; Rosa-Zurera, M. Acoustic-Based Detection of UAVs Using Machine Learning: Analysis of Distance and Environmental Effects. In Proceedings of the 2023 IEEE Sensors Applications Symposium (SAS), Ottawa, ON, Canada, 18–20 July 2023; pp. 1–6. [Google Scholar]
- 12 Ahmed, C.A.; Batool, F.; Haider, W.; Asad, M.; Hamdani, S.H.R. Acoustic Based Drone Detection Via Machine Learning. In Proceedings of the 2022 International Conference on IT and Industrial Technologies (ICIT), Chiniot, Pakistan, 3–4 October 2022; pp. 1–6. [Google Scholar]
- 13 Anwar, M.Z.; Kaleem, Z.; Jamalipour, A. Machine Learning Inspired Sound-Based Amateur Drone Detection for Public Safety Applications. IEEE Trans. Veh. Technol. 2019, 68, 2526–2534. [Google Scholar] [CrossRef]
- 14 Salman, S.; Mir, J.; Farooq, M.T.; Malik, A.N.; Haleemdeen, R. Machine Learning Inspired Efficient Audio Drone Detection using Acoustic Features. In Proceedings of the 2021 International Bhurban Conference on Applied Sciences and Technologies (IBCAST), Islamabad, Pakistan, 12–16 January 2021; pp. 335–339. [Google Scholar]
- 15 Al-Emadi, S.; Al-Ali, A.; Mohammad, A.; Al-Ali, A. Audio Based Drone Detection and Identification using Deep Learning. In Proceedings of the 2019 15th International Wireless Communications and Mobile Computing Conference (IWCMC), Tangier, Morocco, 24–28 June 2019; pp. 459–464. [Google Scholar]
- 16 Solis, E.R.; Shashev, D.V.; Shidlovskiy, S.V. Implementation of Audio Recognition System for Unmanned Aerial Vehicles. In Proceedings of the 2021 International Siberian Conference on Control and Communications (SIBCON), Kazan, Russia, 13–15 May 2021; pp. 1–8. [Google Scholar]
- 17 Kim, B.; Jang, B.; Lee, D.; Im, S. CNN-based UAV Detection with Short Time Fourier Transformed Acoustic Features. In Proceedings of the 2020 International Conference on Electronics, Information, and Communication (ICEIC), Barcelona, Spain, 19–22 January 2020; pp. 1–3. [Google Scholar]
- 18 Ohlenbusch, M.; Ahrens, A.; Rollwage, C.; Bitzer, J. Robust Drone Detection for Acoustic Monitoring Applications. In Proceedings of the 2020 28th European Signal Processing Conference (EUSIPCO), Amsterdam, The Netherlands, 18–21 January 2021; pp. 6–10. [Google Scholar]
- 19 Wang, Y.; Chu, Z.; Ku, I.; Smith, E.C.; Matson, E.T. A Large-Scale UAV Audio Dataset and Audio-Based UAV Classification Using CNN. In Proceedings of the 2022 Sixth IEEE International Conference on Robotic Computing (IRC), Naples, Italy, 5–7 December 2022; pp. 186–189. [Google Scholar]
- 20 Al-Emadi, S.; Al-Ali, A.; Al-Ali, A. Audio-Based Drone Detection and Identification Using Deep Learning Techniques with Dataset Enhancement through Generative Adversarial Networks. Sensors 2021, 21, 4953. [Google Scholar] [CrossRef]
- 21 Katta, S.S.; Nandyala, S.; Viegas, E.K.; AlMahmoud, A. Benchmarking Audio-based Deep Learning Models for Detection and Identification of Unmanned Aerial Vehicles. In Proceedings of the 2022 Workshop on Benchmarking Cyber-Physical Systems and Internet of Things (CPS-IoTBench), Milan, Italy, 3–6 May 2022; pp. 7–11. [Google Scholar]

Information about authors:

Utebayeva Dana, PhD, specialty “6D071900 – Radio Engineering, Electronics and Telecommunications”, senior lecturer at the Institute of Automation and Information Technology, d.utebayeva@satbaev.university;

Ilipbaeva Lyazzat Bolatovna, Candidate of Technical Sciences, International IT University, Acting Associate Professor; ilizat1011@mail.ru;

Nurzhigit Smailov, PhD in the specialty “6D071900 – Radio Engineering, Electronics and Telecommunications”, Associate Professor at the Institute of Automation and Information Technology n.smailov@satbayev.university;

Eric Matson, PhD, Purdue University, West Lafayette, USA, e.matson@purdue.edu.

Авторлар туралы мәлімет:

Утебаева Дана, «6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығының PhD докторы, автоматика және ақпараттық технологиялар институтының аға оқытушысы, d.utebayeva@satbayev.university;

Илипбаева Ляззат Болатовна, техника ғылымдарының кандидаты, ХАТУ м.а. қауымдастырылған профессоры; ilizat1011@mail.ru;

Нұржігіт Смайлов, «6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша PhD докторы, Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар институтының қауымдастырылған профессоры, n.smailov@satbayev.university;

Эрик Матсон, PhD докторы, Purdue университеті, Уэст Лафайетт, АҚШ, e.matson@purdue.edu.

Сведения об авторах:

Утебаева Дана, доктор PhD, специальность «6D071900 – Радиотехника, электроника и телекоммуникации», старший преподаватель Института автоматики и информационных технологий, d.utebayeva@satbaev.university;

Илипбаева Ляззат Болатовна, кандидат технических наук, МУИТ, и.о. доцента; ilizat1011@mail.ru;

Нуржигит Смайлов, доктор PhD по специальности «6D071900 – Радиотехника, электроника и телекоммуникации», ассоциированный профессор Института автоматики и информационных технологий, n.smailov@satbayev.university;

Эрик Мэтсон, доктор PhD, Университет Пердью, Вест-Лафайетт, США, e.matson@purdue.edu.

Date of application of the article: 30.09.2024.

Д.А. КЕНЖЕБАЕВ

*Алматинская республиканская школа «Жас улан» имени Бауыржана Момышулы,
г. Алматы, Республика Казахстан*

ИСТОРИОГРАФИЯ АЛМАТИНСКОЙ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ВОЕННОЙ ШКОЛЫ-ИНТЕРНАТ В АСПЕКТЕ ВЫЯВЛЕНИЯ ЕЕ ЯРКИХ ЛИЧНОСТЕЙ

- 46 H/f «Vozvrashhenie v «A» (rezhisser: Egor Mihalkov-Konchalovskij, 2011 g. [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://www.youtube.com/watch?v=T9S649O2veg> (data obrashhenija 19.08.2024).
- 47 Sugirbaeva M. Geroj zhil rjedom s nami... [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://www.caravan.kz/gazeta/gerojj-zhil-ryadom-s-nami-56304/> (data obrashhenija 19.08.2024).
- 48 Prikaz nachal'nika ARVShi im. Bauyrzhana Momyshuly «O nachal'nike shkoly» ot 16 marta 2013 goda № 46 l/s // Arhiv ARSh «Zhas ulan» imeni Bauyrzhana Momyshuly. Prikazy po lichnomu sostavu. 07-03. 03 janvarja 2013 – 21 dekabrja 2013 g. L. 47.
- 49 Prikaz nachal'nika ARVShi im. Bauyrzhana Momyshuly «O nachal'nike shkoly» ot 26 aprelja 2013 goda № 62 l/s // Arhiv ARSh «Zhas ulan» imeni Bauyrzhana Momyshuly. Prikazy po lichnomu sostavu. 07-03. 03 janvarja 2013 – 21 dekabrja 2013 g. L. 63.
- 50 Prikaz nachal'nika ARVShi im. Bauyrzhana Momyshuly «Po lichnomu sostavu» ot 18 maja 2013 goda № 76 l/s // Arhiv ARSh «Zhas ulan» imeni Bauyrzhana Momyshuly. Prikazy po lichnomu sostavu. 07-03. 03 janvarja 2013 – 21 dekabrja 2013 g. L. 78.
- 51 Mahin V. Bauyrzhanovskie chteniya [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://kazpravda.kz/n/bauyrzhanovskie-chteniya/> (data obrashhenija 19.08.2024).
- 52 Smagul B. Vershina podviga [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://kazpravda.kz/n/vershina-podviga/> (data obrashhenija 19.08.2024).
- 53 Respublikanskije voennye shkoly-internaty v Almaty, Karagande i Shymkente peredany v vedenie Minoborony [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: https://www.kt.kz/rus/society/respublikanskije-voennije-shkoliinternati_v_almati_karagande_i_s_himkente_peredani_v_vedenie_minoboroni_1153610845.html (data obrashhenija 19.08.2024).

Сведения об авторе:

Кенжебаев Даулет Ануарбекулы, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, полковник, Заместитель начальника (по учебной работе) – начальник академического управления, daulet.0117@rambler.ru.

Автор туралы мәлімет:

Кенжебаев Дәулет Әнуарбекұлы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, полковник, Мектеп бастығының орынбасары (оқу жұмысы жөніндегі) – академиялық басқармасының бастығы, daulet.0117@rambler.ru.

Information about the author:

Kenzhebaev Daulet Anuarbekuly, PhD, associate professor, colonel, Deputy chief (for academic affairs) – head of the academic department, daulet.0117@rambler.ru.

Дата поступления статьи в редакцию: 19.08.2024 г.

С. ТӘШІМБАЙ

*Халықаралық білім беру корпорациясы,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

ДИЗАЙН САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме. Ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ терминологиясының мәселелері күні бүгінге дейін өзекті және әлі де кешенді зерттеуді қажет етеді. Термин жасау ісінің салалық терминологияның қалыптасуына айтарлықтай әсері бар.

Сәулет-құрылыс саласының да өзіндік терминдік жүйесі түзілген. Термин жасау мен қалыптастыруда өнер саласына жататын дизайн терминдерінің ерекшеліктерін байқауға болады. Қазіргі кезде әдеби тіліміз дизайн бағыттары мен түрлері бойынша жаңа терминдерді қабылдауда. Сонымен қатар білім беру саласындағы жаңа мамандықтардың орын алуы терминдік қатарды толықтырып жатыр. Қазақ тілі терминологиясының даму кезеңдерінің бірі аударма ісі болып табылады. Дизайн саласына жататын терминдердің басым бөлігі орыс тілінен аударылған немесе калькалау жолымен жасалған. Кейбір терминдердің тілімізде баламасы табылмаған жағдайда оның түпнұсқадағы қалпын сақтап қолдану әдісі пайдаланылуда.

Мақала дизайн саласындағы терминдерді аудару ерекшеліктеріне, аударманың қиындықтары мәселелеріне арналған. Жұмыста осы терминдерді ағылшын тілінен орыс және қазақ тілдеріне аудару әдістерін талдау нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: дизайн, термин, аударма техникасы, аударма трансформациялар, тілдік ерекшеліктер, калька, мамандық атаулары.

С. ТАШИМБАЙ

*Международная образовательная корпорация,
г. Алматы, Республика Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ТЕРМИНОВ В ОБЛАСТИ ДИЗАЙНА

Аннотация. Проблемы казахской терминологии по многим отраслям науки актуальны и сегодня, и по-прежнему требуют комплексного изучения. Создание термина имеет существенное влияние на формирование отраслевой терминологии.

В архитектурно-строительной отрасли также сложилась своя терминологическая система. При создании и формировании термина можно наблюдать особенности дизайнерских терминов, относящихся к сфере искусства. В настоящее время казахский литературный язык принимает новые термины по направлениям и видам дизайна. Кроме того, наличие новых специальностей в сфере образования дополняет терминологический ряд. Одним из этапов развития терминологии казахского языка является переводческое дело. Большая часть терминов, относящихся к сфере дизайна, переведена с русского языка или составлена путем калькуляции. При отсутствии эквивалента некоторых терминов используется метод сохранения их исходного положения.

Статья посвящена особенностям перевода терминов в области дизайна, проблемам сложности перевода. В работе приведены результаты анализа методов перевода этих терминов с английского на русский и казахский языки.

Ключевые слова: дизайн, термин, техника перевода, перевод трансформации, языковые особенности, калька, названия профессий.

S. TASHIMBAY

*International Educational Corporation,
Almaty, Republic of Kazakhstan*

SOME FEATURES OF TEACHING TERMS IN THE FIELD OF DESIGN

Annotation. The problems of Kazakh terminology in many branches of science are relevant today, and still require a comprehensive study. The creation of the term has a significant impact on the formation of industry terminology.

The architectural and construction industry has also developed its own terminology system. When creating and forming a term, one can observe the features of design terms related to the field of art. Currently, the Kazakh literary language is adopting new terms in areas and types of design. In addition, the availability of new specialties in the field of education complements the terminology range. One of the stages in the development of the terminology of the Kazakh language is translation. Most of the terms related to the field of design have been translated from Russian or compiled by calculation. In the absence of an equivalent for some terms, the method of preserving their original position is used.

The article is devoted to the peculiarities of the translation of terms in the field of design, the problems of translation complexity. The paper presents the results of an analysis of the methods of translating these terms from English into Russian and Kazakh.

Keywords: design, term, translation technique, transformation translation, language features, tracing paper, names of professions.

Кіріспе. Қазіргі уақытта терминология көптеген ғалымдардың назарын өзіне аударып отыр. Бұған ғылыми-техникалық прогрестің даму қарқындылығы, кәсіби қызмет салаларын интеграциялау және интернационалдандыру ықпал етеді.

Қазақ тілінің лексикалық ішкі жүйесі, қазақ терминологиясы көптеген онжылдықтар бойы мұқият зерттеу объектісі болды және болып табылады, өйткені терминологияның тілдің лексикалық жүйесімен өзара әрекеттесуі тұрақты, сондықтан белгілі бір терминожүйенің тілдің лексикалық жүйесімен өзара әрекеттесуін түсіну үлкен қызығушылық тудырады. Зерттеу жұмыстарында олардың ерекшеліктері мен бір-біріне әсері қарастырылады.

Бүгінгі таңда халықаралық іскерлік қатынастар белсенді түрде дамуда, білімнің әртүрлі кәсіби салаларында байланыс көлемі артып келеді. Сондықтан терминдерді аудару ақпарат алмасудың маңызды тәсілдерінің біріне айналды. Қызметтің белгілі бір салаларының терминдерін ретке келтіру және жіктеу маңызды міндет болып табылады, оны шешу қызметтің ғылыми дамудың жаңа кезеңіне өтуіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде осы кәсіби салада тиімді коммуникацияны және мамандарды сапалы дайындауды жүзеге асыру үшін терминологиялық аппаратты жүйелеуді қажет ететін жаңа мамандықтар пайда болады.

Жоғары оқу орындарында техникалық жаңа мамандықтардың пайда болуымен осы пәндік саланың терминологиялық аппаратын жүйелеу қажеттілігі туындады. Біз сөз етіп отырған сәулет және құрылыс, дизайн терминологиясы ол қазірдің өзінде лингвистикалық зерттеудің тақырыбына айналды.

Бұл зерттеудің әдістемесі жалпы ғылыми және лингвистикалық әдістерге негізделген сипаттамалық және салыстырмалы бақылау, салыстыру, талдау, синтез, жіктеу, сондай-ақ анықтау, компонент, контекстік талдау сияқты лингвистикалық әдістерді қамтиды.

Мәселені қою. Қазақ қоғамында дизайн жаңа сала болғандықтан терминдердің басым бөлігі шетел тілдерінен енген кірме терминдер екені белгілі. Осы салаға қатысты терминологиялық салалық сөздіктерді шығару қажеттілігі айтпаса да түсінікті жайт.

Зерттеу барысында терминдерді аудару мен қолдану ерекшеліктеріне талдау жасалынды. Термин аударманың сәйкестігін қамтамасыз ету үшін «Termincom.kz» электрондық сайтының материалдары басшылыққа алынды. Сонымен қатар зерттеу материалы ретінде сәулет және дизайн салаларына арналған соңғы 10-15 жылдықта жарық көрген қазақ-орыс тіліндегі сөздіктер пайдаланылды.

Негізгі бөлім. Қазақ терминологиясының дамуына, түзілуіне XIX ғасырдың аяғында А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедов, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, Ә. Ермаков, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев үлестерін қосты. Ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бойынша бірнеше жүздеген терминдерді аударып, қазақша атау берген. Е. Омарұлы геометрия пәні атауларының қазақша баламасын жасады. Х.Досмұхамедов табиғаттану, анатомия, зоология, этнография т.б. оқулықтарының авторы. Ол кірме сөздерді, әсіресе орыс тілі арқылы енген сөздерге төл тілімізден балама табу жолдарын қолдаған. Профессор Қ. Жұбанов пен академик Ә. Айтбайұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орны бөлек және осы салада жазған еңбектері маңызды.

Ә. Айтбайұлы «Білім терминдерін қалыптастырудың шежіресі...» атты ғылыми мақаласында қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне сай қоғамдық қызметін көтеру және жан-жақты дамыту міндетін мәселе ретінде қоя отырып «...Оны жан-жақты дамытудың бірі – білім саласындағы терминдерді қарастырып, оларды бір ізге салып жүйелеу мен қалыптастыру болмақ. Бүгінгі таңдағы білім терминдерін таза өз тілімізде жүйелеп реттесек, болашақта жастарымызды ұлт тіліндегі біліммен сусындандырсақ, тіліміздің дамуына қосқан зор үлес болар еді» деген ойын жеткізеді [1, 342-б.].

Терминдердің көбісі қолданыстағы тілдерге латын және ежелгі грек тілдерінен енеді. «Дизайн» терминінің өзі латынның «designare» сөзінен шыққан, ол «анықтау» дегенді білдіреді, ал Қайта өрлеу дәуірінде бұл сөз «жобалар», «сызбалар» мағынасына ие болды. Сонымен қатар жаңа терминдер латын және грек сөздерінің элементтерін қосу арқылы белсенді түрде құрылады.

Біз қарастырып отырған терминология белгілі бір тақырыптық топтарды қамтиды: түстер, стильдер, интерьер заттарының атаулары, жұмсақ жиһаздар және материалдар. Тілдік материалды зерттеу көрсеткендей, интерьер, сән, графикалық, сәулет, жарнама, жиһаз, ландшафт, вебдизайнында көптеген стильдер бар. Оларды ағылшын және орыс тілінен қазақ тіліне аудару кезінде калькуляция, транслитерация, транскрипция және жұрнақтарды қосу сияқты әдістер жиі қолданылады.

Дизайн материалдық әлем объектілерін дамытуға, құруға және пайдалануға бағытталған шығармашылық адам қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, бұл оның ұтымдылығы мен жайлылығын қамтамасыз етеді.

Оқулық авторлары дизайнға мындай түсініктеме береді: «Дизайн – жеке адамның өмір сүру мақсатымен құндылық жүйесімен, адамның өмір сүрген ортасымен қарым-қатынаста танылады. Ол – тұтынушы, дизайнер және тапсырыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс» [2, 4-б.].

Бүгінгі таңда дизайн эстетикалық, техникалық, адамдық, ұжымдық және жеке оңтайлы арақатынасқа қол жеткізе отырып, өнімнің барлық түрлерін жан-жақты жобалауға мүмкіндік береді.

«Дизайн» термині, ол туралы ұғым мен түсінік зерттеушілер тарапынан кешенді түрде зерттелініп жүр. Дегенмен зерттеушілердің пікірлері бір арнаға тоғыса қойған жоқ. Дизайн түрлері мен шығу тарихына арналған бірқатар еңбектер жарық көрді.

Қ. Ералин мен Ғ. Ералинаның «Дизайн негіздері» атты оқу құралы да дизайн негіздері, дизайнды ғылыми таным әдістері, жоба жасаудың негізгі принциптері, жоба

нысаны, жобалауды ұйымдастыру мәселелері қарастырылған және дизайн түрлеріне сипаттама берілген. Арнайы терминдерге түсініктеме беруді мақсат тұтпаған [2].

Дизайн саласы бойынша қазақ тілінде басылып шыққан терминологиялық сөздіктер саусақпен санарлық. 2012 жылы ұжымдық авторлық бірлестікте «Сәулет-құрылыс терминдерінің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі (түсіндірмесі орыс тілінде)» 4 томдығы жарық көрген [3]. Д. Амандықова, Г. Мәуленова «Дизайнерге арналған сөздік-анықтамасында» терминдерге сипаттама, түсініктеме берген [4]. Бұл сөздіктерге енгізілген терминдердің басым көпшілігі – кірме терминдер.

Н. Адамкулов және авторлық бірлестікте «Заманауи дизайн» оқу-әдістемелік құралында дизайнның тарихы және даму жолдары, дизайн түрлері, Виктория сәулеті, Қазақстандағы сәулет өнері және басқа да мәселелер қарастырылған [5].

А.В. Казарин дизайн теориясына арналған оқу құралын жазып шықты. Нұсқаулықта дизайнның ерекше қызмет түрі ретіндегі негізгі сипаттамалары көрсетілген, дизайнды қалыптастырудың хронологиялық негіздері анықталған, дизайн объектілерінің жіктелуі және дизайнның негізгі принциптері келтірілген [6].

М.С. Кухта дизайн-жобалаудың тарихы мен әдістемесіне арналған оқулықты жарыққа шығарды. Оқулықтың бірінші бөлімінде Ресейде және шетелде дизайнның қалыптасу тарихы айқындалған. Дизайн түрлері мен функцияларының тарихи қалыптасқан жүйесі ұсынылған, әлеуметтану, психология, дизайн семиотикасының негіздері ашылған [7].

Сәулет-дизайн терминдерін оқу материалы оқу-ғылыми әдебиеттерден, лексикографиялық дереккөздерден, кәсіби интернет-коммуникациялардан, электронды журналдардан, дизайн студиялары мен дизайнерлік интернет-дүкендердің сайттарынан кездестіруге болады.

Заманауи дизайн түрлеріне тоқталсақ. *Өнеркәсіптік дизайн* объектінің сыртқы қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді; *көлік дизайны* автомобильдің сәнді және ыңғайлы формаларын жасайды; *компьютерлік дизайн* ақпараттық ортаның дизайнын жасайды; *сәулеттік (архитектуралық) дизайн* ғимараттарды жобалайды; *интерьер дизайны* ішкі кеңістікті ең жағымды және ыңғайлы безендіруге мүмкіндік береді; *салтанатты дизайн* – бұл салтанатты ісшаралардың кешенді дизайны; *ландшафт дизайны* абаттандыру, көгалдандыру және гүл, өсімдіктерді өсіру үшін әрекеттерді біріктіреді, *футуродизайн* болашақтың дизайны мен типологиясын жобалайды; *дыбыстық дизайн* дыбыстық және акустикалық эффекттерді жасайды; *экодизайн* қоғамның назарын табиғи ресурстарға деген көзқарасқа аударуға бағытталған; *кітап дизайны* кітаптарды басылымға дайындау үшін қолданылады; *ақпараттық дизайн* ақпаратты қабылдауға ыңғайлы етеді, сонымен қатар *полиграфиялық дизайн* баспа өнімдерін әдемі болуын қадағалайды; *адам имиджінің дизайны*, *арт-дизайн*, дене өнері және т.б.

Жоғарыда көрсетілген дизайн бағыттары мен түрлеріне қатысты терминдер тілімізге басқа тілдерден толассыз еніп жатыр. Интерьер, сән, графикалық, сәулет, веб дизайнына арналған әртүрлі екі немесе үш тілді сөздіктер практикалық материал ретінде таңдалды. Мақала көлеміне сай іріктеу арқылы біз бірқатар терминді таңдадық. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі терминдердің бір тілден екінші тілге ауысуы мен аударылуы мәселелеріне тоқталамыз.

Бүгінгі таңда дизайн қоғам өмірінің барлық салаларына қатысты екені белгілі. Адамдар күн сайын тауарлар мен әртүрлі қызметтерді пайдаланды. Күнделікті өмірде дизайнерлік бұйымдарды барлық жерде адамдар тұтынады. Бірінші кезекте заттың, бұйымның ыңғайлығы мен әдемілігін ескересіз. Үйдің немесе пәтердің интерьерін жасау үшін дизайнер қызметіне жүгінуге мәжбүр боласыз. Сәнді киім киіңіз келсе де атақты дизайнердің бұйымдарын тұтынғыңыз келеді. Тұтастай алғанда, нақты экономика жағдайында өз қызметін жүзеге асыратын заманауи дизайн екі негізгі стратегияға сәйкес дамиды: қаржылық-экономикалық және әлеуметтік-мәдени.

Жиһаз дизайнына қатысты терминдер. Үй жиһаздары декордың маңызды элементтерінің бірі болып табылады, ол тек безендіру ретінде ғана емес, сонымен қатар практикалық функцияны да орындайды. Әртүрлі стильдер, түстер мен текстуралар бар. Мысалы, *комод, кресло, диван, торшер, минимализм, Бохо-стиль, Арт-деко, Хай-тек* т.б.

Заманауи стилде үй жиһаздарын орналастыру сәнге айналып отыр. Интерьер, жиһаз атаулары терминдерінің аудармасын талдағанда, аудармашылар орыс және қазақ тілдерінде баламаларды таба алмайтындығын байқадық, сондықтан олар калькуляция мен сипаттамалық аудармаға жүгінеді. Бұл әртүрлі елдердің дизайнерлерінің байланысын жеңілдету тенденциясына байланысты деп болжауға болады.

Графикалық дизайнына қатысты терминдер. Графикалық дизайн – бұл брендтің интернеттегі визуалды байланыс құралы. Графиканың көмегімен олар компанияның идеяларын, мағыналарын, құндылықтарын көрсетеді. Ол үшін веб-сайттармен жұмыс кезінде дизайнерлер қаріптерді, олардың комбинацияларын, суреттері мен бейнелерін қолданады.

Графикалық дизайн әртүрлілікке ұмтылады және жаңа дәуір жағдайында графикалық дизайнның ішкі мазмұны басқа елдердің ықпалымен үздіксіз байытылады. Бейнелеу өнері және дизайн терминдері туралы айтатын болсақ, сұрақ туындайды: бұл терминдерге қандай сөздерді жатқызу керек. Осы жұмыста қарастырылған терминдерді қолдану салаларына назар аудару керек.

Графикалық және сәулеттік дизайнерлер көптеген шетелдік көркемдік формаларды қолданады. Бұл терминдердің табиғи шығу көздері – шетел тілдері. Біздің төл тілімізде бұндай терминдер шетелдік терминология болып табылады. Мысалы, *айдентика, логотип, фирмалық стиль, брендбук, гайдлайн, паттерн, фавикон, гарнитура, леттеринг, каллиграфия, кёрнинг, трекинг, интерлиньяж, фирмалық шрифт* т.б.

Компьютерлік дизайнға қатысты терминдер. Компьютерлік дизайн – бұл кескіндер, сайттар, сандық өнімдер, басқа графикалық элементтер жасау. Дизайнерлер оны бағдарламалық жасақтама арқылы жасайды. Компьютерлік дизайн – дизайнерлік дизайнды жоғары деңгейде жасауға мүмкіндік береді. Бағдарламаның көмегімен мамандар әртүрлі суреттер, схемалар салады, есептеулер жүргізеді.

Жалпы жиырмасыншы ғасырдың аяғынан бастап интернет ақпаратты беру тәсілдеріне және қоғам өміріне айтарлықтай әсер етті. Айта кету керек, бұл құбылыста интернеттің дамуы үлкен рөл атқарды. Бұл әсер қазақ тіліне де, әсіресе оның лексикасына да таралды, нәтижесінде көптеген неологизмдер пайда болды.

А.Қ. Жұбанов ««Тіл – қазына» Компьютерлік базасы – тәуелсіз Қазақстан жағдайында ұлттық терминкор қалыптастырудың негізі» атты мақаласында қазақ тілінің қоғамның барлық саласында тиісті деңгейде қызмет етуі үшін қазіргі кезде оны «компьютерлендіру» ісінің маңыздылығын айта отырып «Сонымен, қазақ тілі компьютерлік қорының терминологиялық деректер базасы компьютерлік және адам-компьютерлік қарым-қатынас жасау жүйелерінде терминологиялық лексиканы және оның мағынасын ашу тәсілдерін тізбелеудің және оларды компьютер арқылы берудің автоматтандырылған жүйесі болып табылады», – дейді [8, 236-б.].

Сән дизайнына қатысты терминдер. Күнделікті киімнен бастап кешкі отырыстарға арналған киім атаулары сауда-саттық саласында, супермаркеттерде, интернет-дүкендерде молынан кездеседі. Спорт киімдері мен аяқ киімдер, кеңсеге арналған киімдер, сырт киімдердің де сан алуан түрі мен атауы шет тілдік формада қолданысқа түсіп жүр. Сәнге айналған киімдер мен олардың атаулары әлемдегі атақты дизайнерлердің туындылары. Жыл сайын өткізілетін сән апталықтарында жаңа үлгідегі киім таныстырылады, әрине көрсетілімге арналған киім де жаңа атауға ие болатыны сөзсіз. Киім атаулары жануарлардың атауымен де байланысты пайда болуы мүмкін. Кейбір киімдер ең бірінші кім киіп шықса, соның құрметіне де қойылуы орын алып жатады. *Альпака, бомбер, лоферы, мокасины, поло* т.б.

Түрлі салалардың ішінде сән индустриясы көптеген адамдар арасында өте танымал, сонымен қатар сән саласы шетелдік және отандық аудармашылардың назарын өзіне аударады. Отандық лингвистер орыс тілді нұсқалардың пайда болуына байланысты сән индустриясының терминдерін аудару мәселесіне көбірек бет бұруда. Киім түрлері мен атаулары шетелдік сән журналдарында жарияланып отырады. Аудармашылар терминдерді аудару үшін әдістерді іздеу мәселелеріне ерекше назар аударады. Ең алдымен киім атаулары ағылшын тілінен орыс тіліне, содан кейін қазақ тіліне аударылып жататыны жасырын емес. Осы тұста аудармашылар үшін басты қиындықтар – тиісті аудармаға қол жеткізу үшін терең зерттеуді қажет ететін терминдер.

Терминдер жүйесі кез келген тілдің маңызды аспектісі болып табылады. Терминдерді аудару тәсілдерін зерттеу аудармашылардың шет тіліндегі мәтіндерді аударма тіліне аударудағы негізгі қызметі болып табылады. Өртүрлі әдістерді қолдану мәтіндерді терминдермен аудару кезінде мәтіннің сәйкестігіне қол жеткізуге көмектеседі.

Зерттеу материалдарын талдауға сүйене отырып, киім мен сән дизайны саласындағы лексиканың үлкен қабаты аударма тілінде баламаның болмауынан кейін калькуляция, транслитерация және транскрипция арқылы аударылады деген қорытынды жасауға болады. Болашақта кез келген тіл кірме лексикамен толықтырылады, бұл бір жағынан тіл лексиканының көлеміне оң әсер етеді, ал екінші жағынан, шетелдік сөздердің көптігі өртүрлі мақсатты аудитория өкілдерінің қарым-қатынасында түсініспеушілікті тудырады.

Киімге сән қосатын аксессуарларды аудару кезінде аудармашылардың транскрипция мен транслитерацияны қолдануы ең сұранысқа ие. Парфюмерия саласындағы терминдер жағдайында біз мынаны көреміз – аудармашылар көбінесе транскрипция мен сипаттау әдісін, ал ең аз транслитерация мен калькуляция әдісін қолданады. Косметологиялық терминдердің аударма ерекшеліктері туралы айта отырып, аудармашылар арасында ең танымал әдіс калькуляция және сипаттамалық аударма екенін байқауға болады. Сондай-ақ, аудармашылар транскрипция мен транслитерацияның тіркесімін қолданған.

Киім дизайны мен сән терминдерінің аударма ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, біз бұл аударма түрлендірулері деген қорытындыға келеміз олар терминді аударудың күрделілігіне, сондай-ақ қазақ тілінде баламаның болуына байланысты қолданылады.

Ландшафт дизайнына қатысты терминдер. Ландшафт дизайнері саябақтардың, бақтардың, скверлердің және басқа да ашық аумақтардың үйлесімді жобаларын жасайды. Ол кеңістікті дұрыс аймақтарға бөлуді және өсімдіктерді таңдауды жақсы біледі. Аула, саябақтың жер бедерінің кемшіліктерін көрсетпеуге тырысады. Ландшафт дизайнында кез-келген объектінің сұлулығын баса көрсетудің қаншалықты тиімді екені маңызды.

Кез келген басқа сала сияқты, ландшафт дизайнында қазақ тіліне аударылмаған терминдер мен сөздер бар. Егер сіз ландшафт дизайнері болғыңыз келсе немесе саяжайыңызға дизайн жобасына тапсырыс беруді жоспарласаңыз осы терминді қолданасыз. Олар: *ландшафт, аллея, бордюр, бульвар, газон, сквер, арка, ансамбль, шағын сәулеттік формалар (МФ)*, және *өртүрлі француз, ағылшын, жапон бақшалары*.

«Termincom.kz» электрондық сайты «Бекітілген терминдер», «Терминдер хронологиясы», «Қолданыстағы салалық терминдер блоктарынан тұрады. «Бекітілген терминдер» блогында Республикалық терминологиялық комиссиясында мақұлданған терминдер тіркелген.

Termincom.kz – терминологияға арналған негізгі сайт. Сайтта қазақ және орыс тілдерінде бекітілген және қолданылатын терминдер, салалық терминдер, терминологиялық әдебиет және сөздіктер орналастырылған. Біз кәсіби қазақ тілін оқыту барысында терминдерді көп қолданамыз. Терминдердің мағынасын ашу, олардың қолданылуын, аудармасымен жұмыс жасауға болады. Студенттерді өз мамандығы бойынша оқытуда қазақ тілінде бекітілген және қолданылатын терминдермен таныстырып, ары қарай кәсібінде пайдалануға көмектеседі.

Қазақша атауы	Орысша атауы	категория
сайт дизайны	дизайн сайта	2023 жылы бекітілген термин
дизайн	дизайн	2023 жылы бекітілген термин
веб-дизайн	веб-дизайн	2023 жылы бекітілген термин
Дизайнер	Дизайнер	2014 жылы бекітілген термин
интерфейстің визуал дизайны	визуальный дизайн интерфейса	2023 жылы бекітілген термин
көрнекі дизайн	визуальный дизайн	2023 жылы бекітілген термин
бір топтық тесталды-тестсоңы дизайны	однотипный дизайн претест-посттест	2022 жылы бекітілген термин
бейэквивалентті бақылау тобының дизайны	дизайн неэквивалентной контрольной группы	2022 жылы бекітілген термин
әлеуметтік желі дизайны	дизайн социальной сети	2022 жылы бекітілген термин
бірнеше уақыт қатарындағы дизайн	дизайн в несколько временных рядов	2022 жылы бекітілген термин
ағаш дизайн-радиатор	дизайн-радиатор деревянный	2021 жылы бекітілген термин
графикалық дизайн	графический дизайн	Информатика және есептеуіш техника
өнеркәсіп дизайны	дизайн промышленности	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
Дизайнерлік жобалау	Проектирование дизайнерское	Механика және машинатану
Бұйым дизайны	Дизайн изделия	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
Ландшафт дизайны	Дизайн ландшафта	Экология
Биодизайн	Биодизайн	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
Сайнс-дизайн	Сайнс-дизайн	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
Дизайн-бағдарламалау	Дизайн-программирование	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
Арт-дизайн	Арт-дизайн	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
Футуро-дизайн	Футуро-дизайн	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
Фито-дизайн	Фито-дизайн	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
Қаптамалар дизайнері	Дизайнер упаковки	Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет
Қаптамалар дизайны	Дизайн упаковки	Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет
Дизайн, безендіру, көріктендіру	Дизайн	Философия және саясаттану
Дизайнер, көркемдеуші, суретші	Дизайнер	Мәдениет және өнер
Өсімдік дизайны	Фитодизайн	Мәдениет және өнер
Автодизайнер	Автодизайнер	Көлік және қатынас жолдары

Берілген кестеге сипаттама берсек: дизайнға қатысты 51 терминді кездестірдік (қайталанатын терминдерді кестеге орналастырмадық, мысалы: «Дизайн» термині Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі, Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет, Іс жүргізу және мұрағат ісі, Машина жасау, Информатика және есептеуіш техника). Бұл терминдер 2012-2023 жылдар аралығында бекітілген терминдер. Аталмыш терминдер Информатика және есептеуіш техника, Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік, Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет, Философия және саясаттану, Мәдениет және өнер, сәулет және құрылыс салаларында қолданылады. 14 терминнің орыс тілінен аудармасы берілмей сол формада қазақ тілінде айтылып та, жазылып та жүргенін байқауға болады. Мысалы, «фитодизайн» терминін Мәдениет және өнер саласы «Өсімдік дизайны» деп енгізсе, ал Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі «фито-дизайн» деп тіркеген [9].

Практикалық талдау нәтижелеріне сүйене отырып, біз келесі тұжырымдарға келдік. Терминдерді аудару барысында маман тек тілді жақсы біліп қана қоймай, сонымен қатар терминнің беретін мағынасын, қолданылуын жақсы білуі керек. Кірме терминдерді аударуда екі тілді де, бір тілді де сөздіктерді қолдануы керек, тиісті ақпаратты бөліп

көрсете білуі керек. Егер аудармашы аударма тілінде эквивалент терминін таппаса, онда ол калькуляция, транскрипция және транслитерация әдістерін қолданады.

Тіл өмір сүреді және үнемі өзгеріп отырады, бұл сөзжасам процестерінің дамуына ықпал етеді. Жаңа сөздердің пайда болу процесінен басқа, кейбір сөздер күнделікті өмірде қолданыстан толығымен шығады, кейбіреулері мағынаны нақтылау үшін синонимдік қатарын «қабылдауы» мүмкін, ал кейбіреулері уақыт өте келе көп мағыналы бола отырып, жаңа мағыналарға ие болады.

Лексика – қазақ тілінің динамикалық тілдік ішкі жүйесі. Ол әлемде болып жатқан барлық өзгерістерге, жаңалықтарға жауап бере отырып, үнемі дамып келеді. Лексиканы толықтырудың екі жалпы жолы бар: сөзжасамдық процестер және шет тілінен кірме сөздер қабылдау. Бұл екі жол да біз мақалада қарастырған терминдік жүйенің сөздік қорын толықтыруда. Алайда, олардың осы жүйенің сөздік қорын толықтырудағы рөлі әртүрлі болып келеді.

Көне заманда басқа елдерден кірме сөздердің енуінің алуан түрлі жолдары болды. Қазақстанның сауда, мәдени және саяси өзара іс-қимылының дамуына байланысты пайда болған басқа шетелдік сөздердің бірқатар тобы бар. Қазақ тілінің даму тарихында шетелдік сөздерді алудың бірнеше тарихи кезеңдері болды.

Басқа тілдерден кірме сөздердің ену көздері туралы айтқан кезде еуропа тілдерін оның ішінде ағылшын және француз тілдерін бөліп көрсету керек. Себебі, дизайн мен бейнелеу өнері саласының, кескіндеменің көптеген бағыттары Франциядан шыққандығына байланысты терминдер де сол елдің тілінде қалыптасады. Заманауи технология жетістіктерін сипаттайтын жаңа сөздердің көп бөлігі қазақ тіліне дәл осы ағылшын тілінен алынған.

Өнер мен дизайнға қатысты шет тілдерінен енген лексика қандай да бір мағыналық тұрғыдан игерілуге бейім, ал терминдердің басым көпшілігі семантикалық кірме сөздер, атап айтқанда құрылымдық калькалар болып табылады.

Қорытынды. Дизайн тілі технологиялық процесс ретінде көркем шығармашылық және аяқталған өнер туындысын талдау процесінің көрінісі. Дизайн бағыттары мен түрлеріне арналған құралдар мен құрылғылардың атауларынан басқа, тұстану, түр-түстердің түрлері, арнайы эстетикалық және өнертану ұғымдарының атаулары күн сайын жалпы халықтық болмаса да оны тұтынушы мен сол салада қызмет көрсететін мамандар арасында қолданысқа түсіп отыр. Дизайн саласында қолданылатын терминдер мен атаулар, неологизмдер категориясы да тілдік қабаттан орын алуда.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы барысында әлемнің түпкір-түпкіріндегі елдер бір-бірімен ғаламтор желісі арқылы үздіксіз байланыс жасап отырған ашық қоғамда олардың тілдері де өзара әрекетке түсіп отыруы қалыпты құбылысқа айналып отыр. Оқулықтарды, оқу құралдарын және ғылыми әдебиеттерді, сөздіктерді талдау нәтижесінде дизайн саласының терминологиялық макрополисінің шекаралары анықталды.

Кез келген тілде терминдік жүйені қалыптастырудың өзіндік қиындықтары бар. Дүниежүзі халықтары тілінің көбіне ортақ халықаралық терминдерді сол қалында қабылдау үрдісі басым. Сәулет пен дизайн саласы бойынша алуан түрлі терминдер әлі де болса терминком тарапынан сараптануды, терминолог мамандар талқысынан өтуді қажет етеді. Халықаралық терминдерді қабылдау, оларды қазақ ғылымында қолдану және тұрақтандырудың ғылыми принциптері кешенді түрде қамтылуы тиіс.

Терминжасам тәсілдерінде жаңа терминдер жасаумен қатар тіліміздегі жалпы қолданыстағы сөздерді терминдендірудің маңызы зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Айтбайұлы Ө. Тілтірес Мемлекеттік тілді қалыптастыру хақындағы ойлар, сұхбаттар, тұжырымдар, баяндамалар, мақалалар / Өмірзақ Айтбайұлы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 420 б.

- 2 Ералин Қ., Ералина Ғ. Дизайн негіздері: оқу құралы / Қ. Ералин, Ғ. Ералина. – Алматы: Эверо, 2021. – 192 б.
- 3 Сәулет-құрылыс терминдерінің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі (түсіндірмесі орыс тілінде). 4 томдық: 2 т. – Алматы, 2012. – 303 б.
- 4 Амандықова Д., Мәуленова Г. «Дизайнерге арналған сөздік-анықтамасында» – Астана: Фолиант, 2009. – 120 б.
- 5 Адамкулов Н.М., Кыстаубаева Б.К., Жаскиленова А.С. Заманауи дизайн. (5В042100 – Дизайн мамандығының студенттеріне арналған): / Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Эпиграф, 2020. – 88 б.
- 6 Казарин А.В. Теория дизайна: учебное пособие / А.В. Казарин; Нижегород. гос. архит.-строит. ун-т – Н.Новгород: ННГАСУ, 2011. – 103 с.
- 7 Кухта М.С. История и методология дизайн-проектирования: учебник. Часть I. История дизайн-проектирования / М.С. Кухта; Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Томского политехнического университета, 2021. – 152 с.
- 8 Жұбанов А.Қ. ««Тіл – қазына» Компьютерлік базасы – тәуелсіз Қазақстан жағдайында ұлттық терминдер қалыптастырудың негізі» // Тәуелсіз Қазақстан: Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі. – Алматы: Нұр-Принт-75, 2011. – 304 б.
- 9 «Termincom.kz» электрондық сайты. [Электронды ресурс] – Қол жеткізу режимі: (қаралған күні: 20.04.2024).

REFERENCES

- 1 Aitbauly Ó. Tiltires Memlekettik tildi qalyptastyry haqyndaғы oılar, suhbattar, tujyrymdar, baıandamalar, maqalalar/Ómirzaq Aitbauly – Almaty: Memlekettik tildi damyty instituty, 2012. – 420 bet.
- 2 Eralın Q., Eralina Ğ. Dizain negizderi: oqy quraly / Q. Eralın, Ğ. Eralina – Almaty: Evero, 2021. – 192 bet.
- 3 Sáýlet-qurylys terminderiniń oryssh-qazaqsha-aǵylshynsha sózdigi (túsindirmesi orys tilinde). 4 tomdyq: 2 t. – Almaty, 2012. – 303 bet.
- 4 D. Amandyqova, G. Máýlenova "Dizainerge arnalǵan sózdik-anyqtamasynda" - Astana: Foliant, 2009. – 120 bet.
- 5 Adamkýlov N.M., Kystaýbaeva B.K., Jaskilenova A.S. Zamanaýı dizain. (5V042100 - Dizain mamandyǵynyń stýdentgerine arnalǵan): / Oqy-ádistemelik qural. – Almaty: Epigraf, 2020. – 88 bet.
- 6 Kazarın A. V. Teoria dizaina: oqy quraly / A. V. Kazarın; Nijnıı Novgorod. gos arhit.-stroit. Novgorod: NNGASY, 2011. – 103 b.
- 7 Kýhta M. S.Istoriaimetodologiadisain-proektirovania: uchebnik. Chast I Istoria disain-proektirovania / M. S. Kýhta; Tomsk politehniknichtskaa universitet. - Tomsk: Tomsk politehnikhicheskii universitet, 2021. – 152 b.
- 8 Jubanov A.Q. ""Til – qazyna" Kompterlik bazasy – táýelsiz Qazaqstan jaǵdaıynda ulttyq terminqor qalyptastyrdyń negizi"//Táýelsiz Qazaqstan: Qazaq tiliniń qoǵamdyq-áleymettik qyzmeti. – Almaty: "Nur-Print-75", 2011. – 304 bet.
- 9 «Termincom.kz» elektrondyq saıty

Автор туралы мәлімет:

Тәшімбай Салтанат, филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық білім беру корпорациясы Қазақ-Америка факультетінің қауымдастырылған профессоры, saltanat7575@mail.ru.

Сведения об авторе:

Ташимбай Салтанат, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор факультета Международной образовательной корпорации при Казахско-Американском университете, saltanat7575@mail.ru.

Information about the author:

TashimbaySaltanat, *candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh American University International Educational Corporation, saltanat7575@mail.ru.*

Мақаланың редакцияға түскен уақыты: 20.08.2024 ж.

В.Е. ЭЧИН¹, А.А. РАХМЕТЖАНОВ¹, А.А. БРАЛИНОВ²

¹*Пограничная академия КНБ Республики Казахстан,*

г. Алматы, Республика Казахстан

²*Учреждение «Центр научных и научно-технических исследований «National Security»,*

г. Алматы, Республика Казахстан

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ПОСТРОЕНИЯ СИСТЕМЫ ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНИЧЕСКОГО ОБОРУДОВАНИЯ ГРАНИЦЫ НА ПРИМЕРЕ ПОГРАНИЧНОГО ПАТРУЛЯ США (U.S.BP)

Аннотация. В данной статье изучен опыт Пограничного патруля США по проектированию и применению системы инженерно-технического оборудования на американо-мексиканской границе. По результатам исследования сделан вывод, что американская система инженерно-технического оборудования границы позволила повысить эффективность охраны южного пограничного рубежа США. Данная система аккумулировала в едином информационном пространстве различные инженерно-технические средства, работающие на различных принципах обнаружения. Анализ американского опыта будет способствовать разработке отечественной модели аналогичной системы, что позволит перейти на более высокий интеллектуально-технологический уровень охраны Государственной границы Республики Казахстан.

Ключевые слова: пограничный патруль, инженерно-технические средства, сектор, система, заградительные сооружения, наблюдательная вышка, тактическое транспортное средство, пост мониторинга.

В.Е. ЭЧИН¹, А.А. РАХМЕТЖАНОВ¹, А.А. БРАЛИНОВ²

¹*Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы,*

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²*«National Security» ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер Орталығы» Мекемесі,*

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АҚШ ШЕКАРА ПАТРУЛЫНІҢ (U.S.BP) МЫСАЛЫНДА ШЕКАРА ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Түйіндеме. Бұл мақалада АҚШ-Мексика шекарасында инженерлік-техникалық жабдықтар жүйесін жобалау және қолдану бойынша АҚШ шекара патрульінің тәжірибесі зерттелген. Зерттеу нәтижелері бойынша американдық инженерлік-техникалық жабдықтар жүйесі АҚШ-тың құрлық шекарасының оңтүстік бөлігін қорғаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді деген қорытындыға келді. Бұл жүйе бірыңғай ақпараттық кеңістікте әртүрлі анықтау принциптерінде жұмыс істейтін әртүрлі инженерлік-техникалық құралдарды жинақтады. Американдық тәжірибені талдау ұқсас жүйенің отандық моделін әзірлеуге ықпал ететін болады, бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғаудың неғұрлым жоғары зияткерлік-технологиялық деңгейіне көшуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: шекара патрульі, инженерлік-техникалық құралдар, сектор, жүйе, бөгет құрылыстары, бақылау мұнарасы, тактикалық көлік құралы, мониторинг посты.

¹*Border Academy of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan,
Almaty, Republic of Kazakhstan*

²*Institution "Center for Scientific and Scientific-Technical Research "National Security",
Almaty, Republic of Kazakhstan*

FOREIGN EXPERIENCE OF BUILDING A SYSTEM OF ENGINEERING AND TECHNICAL EQUIPMENT OF THE BORDER ON THE EXAMPLE OF THE U.S. BORDER PATROL (U.S.BP)

Annotation. This article examines the experience of the US Border Patrol in the design and application of a system of engineering equipment on the US-Mexican border. According to the results of the study, it was concluded that the American system of engineering and technical equipment of the border made it possible to increase the effectiveness of the protection of the southern border of the United States. This system has accumulated in a single information space various engineering and technical means operating on various detection principles. The analysis of the American experience will contribute to the development of a domestic model of a similar system, which will allow us to move to a higher intellectual and technological level of protection of the State border of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: border patrol, engineering and technical means, sector, system, barrier structures, observation tower, tactical vehicle, monitoring post.

Введение. Основным признаком суверенности любого государства является наличие территории с чётко обозначенной границей, в пределах которой в полном объёме реализуются его национальные интересы. Государственный рубеж не просто механически разделяет отдельные территории. Он является символом независимости страны, определяющим ареал формирования её национального самосознания и идентичности.

Способность государства обеспечить неприкосновенность и целостность своей границы является показателем его силы и авторитета в международном сообществе.

Эффективность деятельности по охране границы во многом зависит от заблаговременного обнаружения правонарушения (признаков его подготовки), совершаемого в пограничном пространстве и своевременной передачи полученной информации в орган управления для принятия решения. Это достигается за счёт: заблаговременного выявления нарушителей, желательно до их пересечения границы – на подступах; получения устойчивой и полной информации с места нарушения о характере поведения (скорость, направление движения) и количестве нарушителей для оценки потенциальных угроз и планирования мероприятий по их задержанию; минимизации времени с момента вскрытия нарушения (попытки нарушения) границы до его устранения.

Развивающаяся теория охраны границы и накопленный пограничниками значительный эмпирический опыт убедительно свидетельствуют о том, что вышеперечисленные мероприятия успешно осуществляются при помощи системы инженерных сооружений/заграждений и специальных технических средств – системы инженерно-технического оборудования границы (далее – системы ИТОГ).

В этой связи одним из актуальных моментов развития деятельности по охране границы является своевременная инженерно-техническая модернизация пограничного рубежа. Данная работа, организуется постоянно, в первую очередь посредством внедрения перспективных инженерно-технических средств (далее – ИТС) [1]. В то же время необходимо учитывать, что без применения инновационных технологий, передовых достижений отечественной и мировой науки успешное выполнение данной задачи весьма затруднительно [2].

Выше изложенное определяет необходимость изучения международной практики для выявления перспектив построения и применения системы ИТОГ в системе охраны Государственной границы Республики Казахстан.

В рамках проводимого исследования был рассмотрен опыт Пограничного патруля Соединённых Штатов Америки (U.S.BP) по построению и применению в охране границы системы ИТОГ. На примере данного опыта необходимо определить какое место занимают инженерно-технические средства в системе охраны границы в зарубежных странах. Выбор именно американского опыта не случаен в силу того, что пограничное ведомство данного государства достигло определенных результатов в развитии системы инженерно-технического оборудования границы, а угрозы, существующие в его пограничном пространстве во многом схожи с угрозами, существующими на отдельных участках Государственной границы Республики Казахстан.

Именно анализ зарубежного опыта позволит определить адекватное направление проектирования модели системы ИТОГ, способной в любых условиях обстановки обнаруживать и передавать необходимую информацию для выработки наиболее целесообразных управленческих решений.

Методология исследования. Система инженерно-технического оборудования границы является сложной системой, включающей в себя совокупность разно форматных инженерных сооружений/заграждений и технических средств, создаваемой человеком для достижения конкретной цели, а именно, повышение качественного показателя обнаружения и затруднения движения нарушителей границы. Поэтому успех рассмотрения зарубежного опыта построения и применения системы ИТОГ, как и любого другого научного изыскания, будет непосредственно зависеть от его методологической обеспеченности. Методологический аппарат исследования основан на использовании различных методов и принципов.

В процессе изучения широко использовался *метод сравнения*, который после проведения аналогий между характеристиками нескольких образцов ИТС американской системы ИТОГ позволил прийти к синтезированному выводу. Применение *принципа развития* позволило в данном исследовании выявить направление, предположить тенденции формирования отечественной модели системы ИТОГ, исходя из этого, определить критерии для теоретической деятельности по её проектированию.

При уяснении и отработке полученного эмпирического материала большую роль сыграли такие *методы исследования*, как *анализ и синтез*. Применение этих методов позволило провести качественную оценку изучаемых фактов, охватив одновременно большое количество данных.

Таким образом, использование выше перечисленного инструментария позволило: провести всесторонний и объективный анализ зарубежного опыта построения и применения системы ИТОГ; наиболее полно раскрыть технические возможности и конструктивные особенности её структурных элементов; определить перспективное направление для проектирования отечественной модели системы ИТОГ с максимальной действенной возможностью обнаруживать и затруднять движение нарушителей границы.

Основная часть. Пограничная охрана США подразделяется на сухопутную и береговую. Охрану сухопутных участков границы между пунктами пропуска осуществляет Пограничный патруль, входящий в состав Таможенной и пограничной службы Америки [3].

Вся территория США разбита на 20 секторов, каждый из которых поделен на зоны ответственности станций (застав) Пограничного патруля (рисунок 1).



Рисунок 1. – Разделение территории США на пограничные сектора

Сухопутный участок границы подразделяется на два направления: северное с Канадой и южное с Мексикой. Американо-мексиканская граница разбита на 9 секторов и 76 станций. Средняя протяженность сектора составляет около 350 км. При этом минимальная протяженность составляет около 100 км (Сан-Диего, 10 станций), максимальная – 650 км (Эль-Пасо, 12 станций). Средняя протяжённость участка ответственности станции около 30 км [4]. Плотность охраны границы в каждом секторе различна и определяется стоящими перед Пограничным патрулем задачами и штатной численностью агентов в секторе. Так, например, в секторе Сан-Диего она составляет 16 чел./км, в секторе Таксон (Аризона) – 5,3 чел./км, в секторе Эль-Пазо (Нью-Мексика) – около 2 чел./км, а в среднем – около 3,5 чел./км [5].

В США система инженерно-технического оборудования сухопутной границы называется национальной интегрированной сигнализационной системой ISIS (Integrated Surveillance Intelligence System). Она представляет собой глобальную систему безопасности, способную получать и передавать информацию в режиме реального времени как по проводным линиям связи, так и по радио канальным и телефонным сетям, а также по сети Internet. Структурными элементами системы ISIS являются: заградительные и сигнализационно-заградительные сооружения; стационарные посты мониторинга обстановки; автономные пограничные наблюдательные вышки; тактические транспортные средства; сигнализационные средства обнаружения нарушителей границы; визуально-технические средства наблюдения.

С целью инженерного усиления границы на её отдельных участках установлены *заградительные сооружения*: заборы (металлические, сетчатые или из профилированного тонкого листа) – для затруднения движения нарушителей; бетонные надолбы, противотранспортные рвы и металлические конструкции (ежи) – для препятствия проезда автотранспорта (рисунок 2).



А



Б

Рисунок 2. – Виды заградительных сооружений на американо-мексиканской границе:
А – металлический забор; Б – противотранспортный барьер

Строительство заборов на американо-мексиканской границе началось в 1990 году. К настоящему времени их длина составляет около 1150 км или 33% от общей протяжённости пограничного рубежа. Заградительные сооружения не являются непрерывной конструкцией, прикрывающей американо-мексиканскую границу [6] (рисунок 3).



Рисунок 3. – Схема заградительных сооружений на американо-мексиканской границе

Промежутки между заборами контролируются мобильными патрулями, отдельные участки прикрыты лишь сигнализационными средствами и системами визуально-технического наблюдения. На наиболее опасных направлениях устанавливаются *сигнализационно-заградительные сооружения*, которые помимо затруднения продвижения нарушителей, дополнительно фиксируют и передают информацию о месте нарушения, что повышает оперативности их задержание.

С этой целью заградительные сооружения усиливаются приборами и датчиками, работающими на различных физических принципах обнаружения – вибрационные, контактные, сейсмические, проводноволновые, радиолучевые, магнитометрические и др.

Кроме того, ограждения оборудуются охранным освещением и системой видеонаблюдения, что существенно повышает эффективность охраны в целом. Также

вдоль сигнализационного заграждения прокладывается рокадная дорога для патрулирования (рисунок 4).



Рисунок 4.– Сигнализационное заграждение

Стационарный пост мониторинга обстановки является ключевым структурным элементом ISIS. Он предназначен для непрерывного сбора, обработки информации на участке ответственности секции (заставы) Пограничного патруля и передачи её в центральный пост охраны сектора.

Источниками информации для стационарного поста мониторинга являются вышеперечисленные структурные элементы системы ISIS расположенные в зоне ответственности секции (заставы).

Автоматическое рабочее место оператора располагается в модуле управления (контейнере) непосредственно на посту (рисунок 5).



Рисунок 5. – Рабочее место оператора стационарного поста мониторинга обстановки

Операторы посылают информацию в центральный пост охраны сектора границы. На постах или вблизи них сосредоточены основные силы быстрого реагирования – мобильные патрули. При поступлении сигнала от источников информации операторы идентифицируют его посредством средств распознавания, дневного или ночного наблюдения, находящегося на посту мониторинга или на местности. После этого данные передаются мобильному патрулю для задержания нарушителей границы.

Автономные пограничные наблюдательные вышки осуществляют работу в автоматизированном режиме, выполняя функцию источника информации об обстановке в своей зоне наблюдения, с выдачей данных в режиме реального времени на пост мониторинга [7]. Вышки, работают в автономном режиме со 100% возобновляемой энергией и обеспечивают автономное наблюдение 24 часа в сутки, 365 дней в году.

Как правило, их выставляют на отдалённых пустынных участках местности, со слаборазвитой (или полностью отсутствующей) инфраструктурой, где нет возможности подключения промышленных источников электроэнергии. Управление вышкой осуществляется оператором с поста мониторинга дистанционно, методом удаленного доступа.

Конструктивно вышка состоит из наблюдательной мачты высотой от 10 до 20 м. Наверху мачты на платформе (возможно поворотной) устанавливается радиолокационный модуль и мультисенсорная система (тепловизор и видеокамера высокого разрешения). В его состав дополнительно входит система обеспечения собственной безопасности и система источников автономного питания (ветряные генераторы, солнечные энергоустановки, аккумуляторные батареи) (рисунок 6).



Рисунок 6. – Автономная пограничная наблюдательная вышка на южной границе США

Радиолокационный модуль сканирует прилегающую местность для обнаружения движения, ориентирует мультисенсорную систему на местоположение движения, обнаруженного радаром, и анализирует изображения с помощью алгоритмов для автономной идентификации объектов, представляющих интерес, таких как люди или транспортные средства. Операторы поста мониторинга получают предупреждение об этом событии и имеют возможность принять окончательное решение о том, что это за предмет и представляет ли он угрозу.

Видеосигналы с мультисенсорной системы передаются на пост мониторинга по оптоволоконному кабелю или по выделенному радиоканалу. В 2018 году администрация Трампа заключила с американской компанией Anduril Industries контракт на строительство «виртуальной пограничной стены» с Мексикой.

К концу 2022 года она развернула на 2000 километровой участке южной границы США систему электронно-оптического наблюдения из 200 пограничных вышек с функциями искусственного интеллекта [8] (рисунок 7). Каждая вышка, являясь автономным объектом, рассчитана на непрерывную работу (7/24/365).




Рисунок 7. – Вышка пограничного контроля (Anduril Industries):
А – общий вид; Б – мультисенсорная система

Она состоит из 10-ти метровой мачты, мультисенсорной системы и блока автономного электропитания (солнечная энергоустановка, аккумуляторные батареи и др.).

Мультисенсорная система установлена на вершине мачты. В неё входит: видеокамера, тепловизор, сканер LiDAR, сенсоры и датчики. В качестве программно-аппаратной платформы используется интеллектуальная система наблюдения – «Lattice» (стоимость «Lattice» – 500000 \$). Мультисенсорная система обнаруживает любое движение на охраняемом участке, а искусственный интеллект, собирая информацию со всех технических средств, в онлайн режиме объединяет их в единую 3-D модель.

«Lattice» проводит анализ больших объемов данных и распознавания целей. Затем верифицируя обнаруженные объекты с помощью алгоритмов машинного обучения, определяет, кто или что движется и куда. Если движущийся объект распознан как человек или транспортное средство, то система передаёт пограничникам информацию о выявленных нарушителях, избегая при этом ложной тревоги [9] (рисунок 8).



Рисунок 8. – Идентификация нарушителей границы интеллектуальной системой наблюдения «Lattice»

Особую роль в обнаружении нарушителей играет сканер LiDAR [10]. Определение LiDAR (*light detection and ranging – обнаружение и определение дальности через свет*) имеет несколько значений: датчик измерения света и дальности или лазерная проекция с обнаружением и определением расстояния.

По принципу работы радиолокатор и сканер LiDAR отличаются только источником энергии, которым они измеряют величины. В первом это СВЧ-радиоволны, во втором

волны оптического диапазона (инфракрасный светодиод или лазер). Сканер LiDAR может работать в любых условиях освещения, очень быстро и очень точно на уровне отдельных фотонов света, на скоростях, которые исчисляются наносекундами (то есть объект может быть захвачен моментально). Принцип работы сканера LiDAR: излучатель со скоростью света посылает пучок лазерных (световых) лучей в направление обследуемого пространства; ресивер принимает лучи, отражённые от объектов; программа рассчитывает время возвращения луча; формируется информация о характеристике объекта. За счёт регистрации не только времени, которое требуется лазерному лучу для возврата, но и угла, под которым он возвращается на сканер LiDAR, поступающие данные, позволяют составлять весьма точные и детализированные 3D-карты контролируемого участка местности.

Также большое распространение приобретают передвижные оптико-электронные модули на автомобильной базе – тактические транспортные средства, представляющее собой автономную подсистему, оснащённую мультисенсорной системой и радиолокационным модулем, интегрированные в ISIS. В свою очередь, тактические транспортные средства имеют несколько модификаций (мобильные или транспортируемые) (рисунок 9) [11].



Рисунок 9. – Модификация тактических транспортных средств

А – Тактическое транспортное средство MVSS FLIR:

Интегрированный мобильный комплекс на базе автомашины повышенной проходимости, объединяющий в себе радиолокационные и мультиспектральные системы наблюдения (изображения обрабатываются на основе нескольких десятков цветовых каналов). Автономный мобильный комплекс обнаруживает потенциальных нарушителей на расстоянии до 25 километров и достоверно оценивает их дальнейшие действия.

Б – Облегченное тактическое транспортное средство LTV (Light Tactical Vehicle):

Лёгкий, 4-х местный автомобиль класса «багги», с выносной мачтой до 5 м, на которой закреплены радиолокационная и мультисенсорная системы. Высокая манёвренность комплекса дает операторам возможность передвигаться практически в любое место и проводить полностью автономные миссии наблюдения.

Интеграция радиолокационной и мультисенсорной систем наблюдения дает возможность обнаруживать потенциальных нарушителей на расстоянии до 10 километров. Внутренний функционал управления платформой позволяет операторам передавать в ситуационный центр ISIS полученную информацию, в том числе изображения с высокой разрешающей способностью в режиме реального времени.

В – Интегрированная мобильная платформа FLIR Command Space Cerberus:

Специально сконструированная на базе прицепа транспортируемая система радиолокационного и электронно-оптического наблюдения, закреплённая на телескопической мачте высотой 9 метров. Система предназначена обнаружения и идентификации нарушителей на расстоянии до 30 км, определения их координат и направления движения, а также для автоматической передачи информации в ситуационный центр о нарушении границ контролируемой участка.

Платформа приспособлена к суровым климатическим и экологическим условиям. Она способна осуществлять автономную охрану заданного участка Государственной границы более месяца (используя солнечные батареи).

Г – Транспортируемая пограничная вышка SkyWatch FLIR:

Универсальная интегрированная платформа для наблюдения за определённым участком местности с множеством различных функций. Каждая передвижная пограничная вышка оборудована жилым блоком, включая отопление, кондиционирование воздуха и тонированные стекла. Для оперативного развертывания передвижной пограничной вышки достаточно действий всего одного военнослужащего. Высота вышки – 7,5 м.

Вышка состоит из: кабины; арочного гидравлического подъемно-спускового механизма; электронно-оптической системы; системы видео наблюдения; громкоговорителя; стационарной радиостанции; 4-х прожекторов; дизельного или газового генератора.

Используемые электронно-оптические системы позволяют обеспечивать максимальную дальность обнаружения нарушителя до 13 км. Мощный прожектор с силой света выходного пучка 12 миллионов кандел, интегрированный с CCD камерой, позволяет в полной темноте получать видеоизображение на расстоянии до 750 м, а также дезориентировать нарушителей на расстоянии до 1,6 км. Прожектор ИК-подсветки в полной темноте позволяет получать видеоизображение на расстоянии до 200 м.

Несмотря на широкое применение визуально-технических средств обнаружения, американские эксперты отмечают присущие им недостатки. Одним из них является ухудшение способности обнаружения в ненастную погоду (дождь, снег, туман), при резком изменении температуры, при оборудовании вблизи деревьев.

Кроме того, на южной границе США радиолокационные и оптико-электронные средства наблюдения функционируют значительно более надежно; на канадской границе процент их отказа в некоторых местах после года эксплуатации достигал десятки процентов.

Другой недостаток – субъективность оценки ситуации, которая зависит от опыта, наблюдательности, ответственности операторов на постах.

Выводы. Подводя итог можно сделать вывод о том, основной технической идеей повышения эффективности охраны американо-мексиканской границы является установление системы ИТОГ, объединяющей на своей основе различные инженерно-технические средства.

Пограничным патрулем США было успешно апробировано и активно внедрено в систему ИТОГ значительное количество перспективных инженерно-технических средств, находящихся в едином информационном пространстве.

Система построенная на основе технологий, позволяющих интегрировать отдельные подсистемы и инженерно-технические средства в единую систему безопасности с общим информационным пространством автоматизирует работу оператора, обеспечив его всей необходимой информацией. То есть, сочетанием достоинств компенсируются недостатки разнотипных структурных элементов, в результате чего выстраивается система инженерно-технического оборудования границы с повышенными тактико-техническими характеристиками, способная в любых условиях обстановки исключить не обнаружение правонарушителя, в режиме реального времени контролировать и фиксировать его действия, создавая благоприятные условия для принятия наиболее целесообразных управленческих решений.

Построение и применение схожей системы на Государственной границе Республики Казахстан позволит осуществить поэтапную оптимизацию штатной численности личного состава пограничных подразделений, минимизировать физическое присутствие пограничников на государственном рубеже, и, в конечном итоге, перейти на более

высокий интеллектуально-технологический уровень его охраны. Применение пограничными подразделениями в своей служебной деятельности современной системы ИТОГ позволит обеспечивать повышение надёжности национальной безопасности Республики Казахстан в целом.

Благодарность. Данная статья подготовлена в рамках исследования, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант № AP23489669).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Комплексная модернизация технического обеспечения охраны Государственной границы Республики Казахстан в контексте стратегии - Казахстан 2050 / Салий С.М., Абраимов Д.К. Алтынбеков Р.М. Арапов Н.К., Асанов И.С., Жусупова Г.Б., Мартикьян А.С., Мосов С.П., Рахметов А.М., Рыспаева Г.П., Съедин Д.Б., Турсунов Б.М. - Монография. – Алматы: ПА КНБ РК, 2020. - 104 с.

2 Алтынбеков Р.М., Мартикьян А.С. Некоторые направления развития научно-технических инноваций в Пограничной службе КНБ Республики Казахстан// Вестник КазАТК им. М. Тынышпаева, Алматы, 2018. - №3. – С. 186-191.

3 Вдоль границ США. Официальный сайт Таможенно-пограничной службы США. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: www.cbp.gov/border-security/along-us-borders (дата обращения: 16.04.2024).

4 Сектора и станции Пограничного патруля. Официальный сайт Таможенно-пограничной службы США. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: www.cbp.gov/border-security/along-us-borders/border-patrol-sectors (дата обращения: 22.05.2024).

5 Звездинский С.С., Иванов В.А. и др. Охрана Сухопутных границ - [Эл. ресурс] - Режим доступа: <http://www.bnti.ru/showart.asp?aid=905&lvl=19.01> (дата обращения: 25.06.2024).

6 Косевич Е.Ю. Приграничные стены: безопасность или угроза для мексикано-американских отношений // Латинская Америка, научный и общественно-политический журнал. - 2019. - № 6. – С. 39-48.

7 Автономные наблюдательные вышки СВР объявили о начале программы рекордов вдоль юго-западной границы. Официальный сайт Таможенно-пограничной службы США. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: www.cbp.gov/newsroom/national-media-release/cbp-s-autonomous-surveillance-towers-declared-program-record-along (дата обращения: 23.07.2024).

8 Границу США и Мексики возьмёт под охрану искусственный интеллект. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: <https://warhead.su/2020/07/06/granitsu-ssha-i-meksiki-vozmyot-pod-ohranu-iskusstvennyy-intellekt> (дата обращения: 27.07.2024).

9 Палмер Лаки. Система виртуального поля боя для Пентагона. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: <https://habr.com/ru/company/madrobots/blog/443428/> (дата обращения: 13.08.2024).

10 Гаращенко Д. Что такое LiDAR. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: <https://rozetked.me/articles/11175-chto-takoe-lidar> (дата обращения: 25.08.2024).

11 Пароконный Е. Система интеллектуальной пограничной безопасности США. - [Эл. ресурс] - Режим доступа: <https://istagroup.ua> (дата обращения: 26.08.2024).

REFERENCES

1 Kompleksnaja modernizacija tehničeskogo obespečenija ohrany Gosudarstvennoj granicy Respubliki Kazahstan v kontekste strategii - Kazakhstan 2050 / Salij S.M., Abraimov D.K. Altynbekov R.M. Arapov N.K., Asanov I.S., Zhusupova G.B., Martik'jan A.S., Mosov S.P., Rahmetov A.M., Ryspaeva G.P., S#edin D.B., Tursunov B.M. - Monografija. – Almaty: PA KNB RK, 2020. - 104 s.

2 Altynbekov R.M., Martik'jan A.S. Nekotorye napravlenija razvitija nauchno-tehnicheskikh innovacij v Pogranichnoj sluzhbe KNB Respubliki Kazahstan// Vestnik KazATK im. M. Tynyshpaeva, Almaty, 2018. - №3. – S. 186-191.

3 Vdol' granic SShA. Oficial'nyj sajt Tamozhenno-pogranichnoj sluzhby SShA. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: www.cbp.gov/border-security/along-us-borders (data obrashhenija: 16.04.2024).

4 Sektora i stancii Pogranichnogo patrolja. Oficial'nyj sajt Tamozhenno-pogranichnoj sluzhby SShA. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: www.cbp.gov/border-security/along-us-borders/border-patrol-sectors (data obrashhenija: 22.05.2024).

5 Zvezhinskij S.S., Ivanov V.A. i dr. Ohrana Suhoputnyh granic - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: <http://www.bnti.ru/showart.aspx?id=905&lvl=19.01> (data obrashhenija: 25.06.2024).

6 Kosevich E.Ju. Prigranichnye steny: bezopasnost' ili ugroza dlja meksikano-amerikanskix otnoshenij // Latinskaja Amerika, nauchnyj i obshhestvenno-politicheskij zhurnal. - 2019. - № 6. – S. 39-48.

7 Avtonomnye nabljudatel'nye vyshki CBP ob#javili o nachale programmy rekordov vdol' jugo-zapadnoj granicy. Oficial'nyj sajt Tamozhenno-pogranichnoj sluzhby SShA. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: www.cbp.gov/newsroom/national-media-release/cbp-s-autonomous-surveillance-towers-declared-program-record-along (data obrashhenija: 23.07.2024).

8 Granicu SShA i Meksiki voz'mjot pod ohranu iskusstvennyj intellekt. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: <https://warhead.su/2020/07/06/granitsu-ssha-i-meksiki-vozmyot-pod-ohranu-iskusstvennyj-intellekt> (data obrashhenija: 27.07.2024).

9 Palmer Laki. Sistema virtual'nogo polja boja dlja Pentagona. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: <https://habr.com/ru/company/madrobots/blog/443428/> (data obrashhenija: 13.08.2024).

10 Garashhenko D. Chto takoe LiDAR. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: <https://rozetked.me/articles/11175-chto-takoe-lidar> (data obrashhenija: 25.08.2024).

11 Parokonnyj E. Sistema intellektual'noj pogranichnoj bezopasnosti SShA. - [Jel. resurs] - Rezhim dostupa: <https://istagroup.ua> (data obrashhenija: 26.08.2024).

Сведения об авторах:

Эчин Владимир Евгеньевич, полковник, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент), доцент 6 специальной кафедры 1 факультета, sniper606@mail.ru;

Рахметжанов Ардак Айтказыевич, полковник, доцент управления научной деятельности, raa8080@mail.ru;

Бралинов Алибек Аскарлович, научный сотрудник, bralinov@mail.ru.

Авторлар туралы мәлімет:

Эчин Владимир Евгеньевич, полковник, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), 1 факультеттің 6 арнайы кафедрасының доценті, sniper606@mail.ru;

Рахметжанов Ардак Айтказыевич, полковник, ғылыми қызмет басқармасының доценті, raa8080@mail.ru;

Бралинов Алибек Аскарлович, ғылыми қызметкер, bralinov@mail.ru.

Information about authors:

Echin Vladimir Evgenyevich, colonel, doctor of philosophy (PhD), associate professor (associate professor), associate professor of 6 special department, faculty 1, sniper606@mail.ru;

Ardak Aitkazyevich Rakhmetzhanov, colonel, associate professor, scientific activity department, raa8080@mail.ru;

Bralinov Alibek Askarovich, research associate, bralinov@mail.ru.

Дата поступления статьи в редакцию: 10.09.2024 г.

Г.Е. АСҚАРОВА¹, Б.Қ. БЕКТҰР^{1,2},
М.Р. ШӘУТЕНОВ¹, Ә. БЕГАЛИНОВ¹

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²Д.А.Қонаев атындағы Кен істер институты,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚИЫН БАЙЫТЫЛАТЫН АЛТЫН КЕНДЕРІН ФЛОТАЦИЯЛАУ ҮДЕРІСІН МОДЕЛЬДЕУ

Түйіндеме. Құрамында алтыны бар көптеген кен орындарының кендері химиялық құрамымен, байытылатын кендегі алтын түйіршіктерінің көлемімен, кеннің сеппелігінің әр түрлілігімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда алтынға бай кенорындары таусылған сайын кедей және қиын байытылатын алтын құрамды кендерді игеру және аталмыш кендерді байыту қажеттілігі туындайды. Кедей және қиын байытылатын алтын құрамды кендерді байыту үшін кенді майда ұнтақтауды қажет етеді. Ұнтақталған кендегі алтынның ұсақ түйіршіктерін флотациялық байыту кезінде негізгі процеске ерекше мән беру керек. Осы мәселердің шешімін тиімді шешу үшін флотациялық байытуда қолданылатын реагенттердің реагенттік режиміне ерекше мән беріп, байыту схемасын әзірлеп, пайдалану негізінде сәтті шешуге болады. Заманауи ғылым мен техниканың дамуына байланысты отандық және шетелдік тәжірибелерде қиын байытылатын алтын құрамды кендерді флотациялық байытуда қолданылатын реагенттердің реагенттік режимін модельдеуді талап етеді.

Мақалада алтын құрамды қиын байытылатын Васильков кенорының кендерінің флотациялық байыту әдісінің математикалық моделі келтірілген сондай-ақ эксперименттік түрде негізгі байыту процесіне әсер ететін басты факторлары анықталып, модельдің дисперсиясы және регрессия тендеуінің коэффициенттері анықталды.

Түйін сөздер: байыту әдісі, флотация, минерал, реагенттік режимі, фактор, регрессия тендеуі, коэффициент регрессии.

Г.Е. АСКАРОВА¹, Б.Қ. БЕКТҰР^{1,2},
М.Р. ШАУТЕНОВ¹, А. БЕГАЛИНОВ¹

¹Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К.И. Сатпаева, г.Алматы, Республика Казахстан

²Институт Горного дела имени Д.А. Кунаева,
г.Алматы, Республика Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА ФЛОТАЦИИ ТРУДНООБОГАТИМЫХ ЗОЛОТЫХ РУД

Аннотация. Золото содержащие руды отличаются большим разнообразием как по химическому составу, так и по объему. По мере истощения богатых месторождений возникает необходимость разработки и обогащения золото содержащих руд, которые плохо и трудно обогащаются, и для их обогащения требуется очень мелкий помол, при этом особое значение приобретает проблема флотационного обогащения очень мелких гранул золота. Для эффективного решения этих задач возможно успешное решение на основе разработки и использования режимов реагентов флотационного обогащения. В

последнее время в отечественной и зарубежной практике требуется моделирование реагентных режимов, связанных с флотационным обогащением золота содержащего сырья, которое трудно обогатить.

В статье приводятся методы математического моделирования флотационного обогащения трудно обогатимой Васильковской золото содержащей руды, экспериментальным методом определены основные факторы, влияющие на основной процесс обогащения, определены уравнения коэффициента регрессии и дисперсия модели.

Ключевые слова: метод обогащения, флотация, минерал, режим реагента, фактор, уравнение регрессии, коэффициент регрессии.

G. ASKAROVA¹, B. BEKTUR^{1,2},
M. SHAUTENOV¹, A. BEGALINOV¹

¹Kazakh National Research Technical University name after K.I. Satbayev,
Almaty, Republic of Kazakhstan

²D.A. Kunayev Institute of Mining, Almaty, Republic of Kazakhstan.

MODELING OF THE PROCESS OF FLOTATION OF HARD-TO-ENRICH GOLD ORES

Annotation. Gold-bearing metals differ greatly in both chemical composition and volume. As the rich places are exhausted, there is no need to develop and enrich gold-containing ores that are poorly enriched, and their enrichment requires a very small amount of gold, while special importance is acquired by the problem of flotation enrichment of very small amounts of gold. To effectively solve these tasks, it is possible to successfully solve them based on the development and use of flotation enrichment reagent modes. In recent times, modeling of reagent regimes has been required in the domestic industry, related to flotation enrichment of gold-containing raw materials, which are difficult to enrich.

The article provides methods of mathematical modeling of flotation enrichment of hard-to-enrich Vasilkov gold-containing ore, the main factors influencing the main enrichment process are determined by an experimental method, the equalization of the regression coefficient and the dispersion of the model are determined.

Keywords: enrichment method, flotation, mineral, reagent mode, factor, regression equation, regression coefficient.

Кіріспе. Алтын – пайдалы қазындылардың басым түрлерінің бірі болып табылады. Алтын мемлекеттің тұрақтылығы мен экономикалық қауіпсіздігінің кепілі болып табылады, оның валюталық резерв ретіндегі маңызы зор [1,2]. Алтын өндіру өнеркәсібінің үздіксіз өсу, дамуы, сонымен қатар басқа металдар мен басқа да пайдалы қазындыларды тұтынудың өсуі жаңа минералдық ресурстарды іздеу және игеру, пайдалы қазындыларды өңдеудің жаңа тиімді технологиясын жасауды, қиын байытылатын кендерден шикізаттың жаңа түрлерін игеруді анықтайды. Қазіргі кезде құрамында алтыны бар жаңа кенорындарын барлау, дайындау және игеру олардағы алтын кендерінің байытылуын анықтауға ғана емес, сонымен қатар кен құрамындағы минералды шикізаттың құрамдас бөліктерін бөлу әдістерін теориялық тұрғыдан дамытуға бағытталған әртүрлі ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде [1].

Соңғы екі-үш онжылдықта технологиялық қарапайым алтын кен орындарынан алынатын алтынның үлесі тұрақты түрде төмендеп келеді. Сонымен қатар қиын байытылатын кендерден алынатын алтынның үлесі артып келеді, оларды тиімді өңдеу үшін гравитациялық байыту, флотациялық байытумен қатар күйдіру, балқыту, сілтілеу және т.б. операцияларды қоса алғанда, әлдеқайда күрделі және әзірленген технологиялық

сұлбалармен байытуды қажет етеді. Бұл жұмыста алтын концентраттарын өндіру флотациялық байыту технологиясын оңтайландыру және жаңартумен байланысты модельдеу жүргізілді.

Мәселені қою. *Зерттеудің мақсаты.* Қиын байытылатын Васильков кен орнының кендерінің және байыту өнімдерінің технологиялық қасиеттерін зерттеу негізінде байытудың әдісі ретінде флотациялық әдісін таңдау және оны негіздеу, үрдістің әсер ететін негізгі факторларын және үрдістің математикалық моделін анықтау болып табылады.

Жұмыстың өзектілігі. Қиын байытылатын алтын құрамды кендерден, басқа шикізаттардан асыл металдарды бөліп алу мәселесін технологиялық тұрғыда ең маңыздыларының бірі деп санауға болады. Сарапшылардың пікірінше, ХХІ ғасырда алтын құрамды қиын байытылатын және күрделі кендерді пайдалануға кеңінен тарту арқылы әлемде алтын өндірудің негізгі технологиясын арттыруды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Зерттеу әдістері. Кеннің элементтік, фазалық және минералогиялық құрамын анықтау үшін келесідей физика-химиялық зерттеу әдістері қолданылды: рентген флуоресценциялық, рентген дифракциялық, микроскопиялық және химиялық. Рентген флуоресценциялық талдау әдісі SciAps X-50 аппаратымен, рентген дифракциялық талдау Pert MPDPRO (PANalytical) қондырғысымен, микроскопиялық талдау – Axio Scope.A1 қондырғысымен жүргізілді.

Негізгі бөлім. Қазіргі кезде елімізде және ТМД елдерінде қазіргі уақытқа сай игеріліп жатқан асыл металл кен орындарының кендерінде бағалы металдар мөлшері, химиялық құрамы айтарлықтай төмендеуде, сонымен қатар аталмыш кендердегі пайдалы компоненттердің сеппелігімен кен орындарының морфологиясы күрделене түсуде, сонымен қатар, кендегі құрамында алтыны бар минералдардың өзара байланысы неғұрлым күрделенуі алтын кендерін байытудың технологиялық қасиеттерін төмендетеді. Қазіргі таңда кендегі алтынның сеппелігі ұсақ немесе субмикроскопиялық түрге дейін таралуда. Жоғарда айтылған барлық кен қасиеттерін пайдаланып байыту кезінде іс жүзінде бір – бірінен ажырамайтын минералдарды байытуда алынатын концентраттардың сапасы төмендеуде [1,2].

Қиын байытылатын, құрамында алтыны бар кендерде кеннің сеппелігі өте майда болып келеді сондай-ақ алтыны құрамдас барлық минералдарының физикалық, химиялық және технологиялық қасиеттері бойынша негізінен бір-біріне ұқсас, минералды-фазалық құрамы күрделі, сеппелігі біркелкі емес болып келетін пирит пен арсенопириттен тұрады [3]. Қазақстан аумағындағы осындай қиын байытылатын кен орынның бірі – Васильков кен орны болып табылады. Бұл кен орын әлемдік деңгейдегі объектілерге жатады, сондықтан оны Қазақстанда да, әлемде де осы типтегі перспективалық объектілерді болжау және бағалау кезінде үлгі ретінде пайдалануға болады. Соңғы онжылдықтарда ірі және аса ірі алтын кенорындарын қалыптастыру проблемасы бірқатар халықаралық геологиялық конференциялар мен симпозиумдардың түйіскен мәселесіне айналды, бұл ең алдымен оның практикалық маңыздылығына байланысты: тіпті алтын кен орындарын анықтау және дамыту. Мұндай ірі кенорны тұтас мемлекеттің экономикалық әл-ауқатының негізі бола алады. Васильков кен орнының кендеріне арсенопирит, пирит, пирротит, марказит, алтын, апатит және хромит, серицит, хлорит, калий дала шпаты, турмалин), кварц, карбонаттар (сидерит, флюиориттер). Оның құрамында алтынның негізгі бөлігі, сонымен қатар – қорғасын, мырыш, мышьяк, күміс, бар. Қиын байытылатын құрамында алтыны бар кендерді байыту әдісі ретінде флотациялық байыту ең жиі қолданылатын байыту әдісіне жатады. Себебі барлық дерлік кездесетін металдар кендері өте ұсақ сепкілді кендер болғандықтан тек флотация әдісімен байытылады. Жалпы барлық кендер қандай әдіспен байытылсада, олардың ұнтақ фракциялары флотациялаумен байытылады [3,4].

Флотациялаумен байытуда ең бірінші білуге қажетті жайлары – минералдардың флотациялық қасиеттерін және олар үшін қолданылатын флотореагенттерді жақсы білу.

Флотация – ауа көпіршіктерінің бетіне таңдамалы түрде сулы ортада суспензияланған бөлінген минералдардың ұсақ ұнтақталған бөлшектерінің бетінің физика-химиялық қасиеттерінің айырмашылығын пайдалануға негізделген минералды байыту әдісі [5].

Қазіргі кездегі техниканың дамуы, өндеуге түсетін пайдалы қазындылардың массаларының өсуімен, қазынды шикізаттардың жаңа түрлерін игерумен, пайдалы қазындылардың қасиеттерінің күрделенуіне сай күрделі байыту сұлбаларын қолдану қажеттігімен, жаңа технологиялық үрдістерді игерумен тығыз байланысты. Осыларға сәйкес бір-бірімен тығыз байланысты үрдіске әсер ететін факторлар саныда көбейе түсуде. Осыған байланысты алтын кендерін байытуды зерттеу кезінде, байыту схемасындағы енгізілген жеке операцияның қажеттілігін бағалау қажеттілігі, жиі кездеседі.

Алтын кендерін байытудың технологиялық сұлбалары мен режимдері:

Құрамында алтыны бар шикізаттың технологиялық ерекшеліктері сай өндеу және байыту технологиясын таңдау.

Қиын байытылатын алтын құрамды кендерін өндеудің негізгі мәселесі зиянды заттардың (сурьма, мышьяк, көміртекті және сазды компоненттер) болуы кеннен алтын алуды қиындататын және кедергі келтіретін дисперсті алтынның сульфидтермен және металл оксидтерімен бос және байланысқан ассоциациялары болуы. Алтын құрамды кендердің байытылуын зерттеу, шикізаттарды неғұрлым комплексті пайдалану, тиімді және экономды байыту сұлбаларын таңдау, фабрикаларда үрдістерді басқару және тағы сол сияқтылар көптеген белгісіздері бар күрделі мәселелер. Осындай әрекеттер негізінде пайда болатын факторлар үрдіске әсерлерін тигізіп жатады. Мысалы, пульпа рН-ы артқан сайын ОН-ионының ксантогенат ионымен бәсекелесуі ұлғая түседі, минерал бетінің потенциалы өзгереді, күкірт ионының тотығу процесі артады және т.с.с.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен талқылаулары. Флотация – гетерогенді жүйенің көптеген өзара әрекеттесуші фазаларына негізделген физика-математикалық және ықтималдық заңдылықтары тұрғысынан ресімделуі қиын процесс. Таңдап алынған сұлба бойынша зертханалық түрде қиын байытылатын кендердің флотациялық байыту үдерісті бақылау үшін техникалық сынақтар жүргізілді. Осы сынақтардан жиналған деректер кешенді құрастыру үшін пайдаланылды деректерін ескере отырып, процестің математикалық моделі құрастырылды.

Алтын құрамды кендерді байытуға дайындау үшін ұсату және ұнтақтау қолданылады. Ұнтақтау – кен түйіршіктерінің қажетті ірілік мөлшеріне қол жеткізу және кенді байытуға дайындаудың негізгі процесі. Ұнтақтау үрдісі кендегі минералдардың сеппелігі, құрамына, пайдалы қазындылардың таралу сипаты мен мөлшеріне, ұнтақталу қабілетіне, бастапқы кендегі бағалы заттың проценттік мөлшеріне, байыту технологиялық схемасының ерекшеліктеріне байланысты ылғалды ұнтақтауды бір, екі немесе одан да көп сатылардан тұрады [4,5].

1-кесте.

Ұнтақтау ұзақтығына байланысты кеннің гранулометриялық құрамының өзгеруі

Ірілік кластар, мм	Ұнтақтау ұзақтығы, мин			
	15	20	25	30
	Шығымы, %			
-0.8+0.56	1.2	1.0	-	-
-0.56+0.4	2.0	2.4	0.35	-
-0.4+0.3	6.2	6.5	1.6	1.1
-0.3+0.2	9.6	10.1	3.8	1.2
-0.2+0.15	10.7	10.4	4.7	2.4
-0.15+0.1	15.2	12.4	5.7	3.1

-0.1+0.074	11.7	10.2	7.3	6.5
-0.074	40.9	47.0	76.55	85.7

2-кесте.

Кеннің химиялық құрамы

Элемент, байланыс	Символ	Пайыздық үлесі %	
Кремния оксиді	SiO ₂	56	54
алюминия оксиді	Al ₂ O ₃	20	25
магния оксиді	MgO	1	1
кальция оксиді	CaO	1	1
Темір	Fe _{жал}	6.99	6.68
Күкірт	S _{жал.}	-	-
Күкірт сульфидті	S _{сульфид.}	1.5	1.5
Қорғасын	Pb	0.49	0.48
Мыс	Cu	0.6	0.61
Мырыш	Zn	1.14	0.75
Мышьяк	As	0.15	0.15
Алтын, г/т	Au	3.5	2.3
Күміс, г/т	Ag	16.5	14.2

3-кесте.

Кеннің минералдық құрамы

Минералдар, минералдар тобы	Массалық үлесі, %
Кварц	40
Микроклин	24
Олигоклаз	20
Биотит	5,0
Хлорит, гидрослюда	5,0
Темір гидроксиды: гётит, лимонит	2,0
Темір оксиды: гематит, магнетит	2,0
Сульфиды: арсенопирит	2,8-3,2
Пирит	Е.и
Халькопирит	Е.и
Акцессорные минералы: апатит	Е.и
Циркон	Е.и
Циртолит	Е.и
Флюорит	Е.и
Сап алтын	Е.и
Барлығы:	100,0



а – пириттің ішіндегі алтын



б – кварц қабығындағы алтын

1-сурет. – Әртүрлі фазалар түрінде келетін алтын бөлшектерінің микроқұрылымы

Алтын кендерін байытылуын зерттеу, байыту үрдістерін модельдеу, шикізаттарды неғұрлым комплексті пайдалану, тиімді және экономды байыту сұлбаларын таңдау, фабрикаларда қолданылатын үрдісті басқару және тағы сол сияқтылар көптеген

белгісіздері бар күрделі мәселелер. Осындай әрекеттер негізінде пайда болатын факторлар үрдіске әсерлерін тигізіп жатады. Бізге негізінде тек жекелеп алынған факторлардың әсерлері белгілі, тек солардың сапалы сипаттамаларын ғана түсінігіміз бар. Ал олардың өзара байланыстарынан туатын әрекеттердің үрдіске әсерлерін толық білу тіпті қиын. Міне флотация теориясының практикадан кейін жүруі, байыту режимдерін жартылай эмпирикалық жолмен іздеуіміздің негізгі себептері осы. Сондықтан біз өз тәжірибемізге сүйене отырып белгілі бір нәтижелерге жетуімізді тек ықтималды түрде ғана болжаймыз [6,7].

Барлық бөлу үрдістерінің ішінде кен байыту үрдісі математикалық сипаттау тұрғысынан қарағанда ең күрделісі деуге болады. Оның басты себептері бар.

Біріншіден, байыту үрдісінде бастапқы кенде және байытылған өнімдерде бағалы компоненттердің пайздық үлестері кең шекте өзгеріп отырады.

Екіншіден, минералдардың қауышпалы түрде болуының нәтижесінде бағалы компоненттермен бос жыныс минералдарының екі аралық қасиетті түйіршіктері пайда болады. соған байланысты статистикалық тендеуге тұрақтылар орнына өзгермелі бөлінділер енгізуге тура келеді.

Үшіншіден, байыту үрдістеріне түсетін кенде әртүрлі қасиеттері бар және әртүрлі құрамды минералдар саны айтарлықтай көп болады. Кеннен тек бірғана пайдалы минерал емес бірнеше бағалы минералдарды бос жыныс минералдарынан ғана емес, оларды өзара бөліп, жеке концентраттар алу мақсаты көзделеді [7,8].

Кен байытылуын зерттеуде математикалық статистика қазіргі кезде үлкен даму деңгейіне жетті. Технологиялық үрдістерді талдауға және математикалық модельдер құруға математикалық статистиканың қолданылуының басты мақсаты үдерісті автоматикалық басқару жүйесін жасаумен байланысты мәселелердің шешімін табу. Ертерек кезде статикалық талдау негізінде үрдісті сынамалаумен байланысты болса, қазір ол әртүрлі факторлардың әсерлерін санды түрде бағалауға қолданылады. Соңғы жылдары байыту әдістерін математикалық түрде модельдеу тенденциялары кеңінен қолдануда. Олар қойылатын маңызды факторларды қолданып эксперименттер қою және флотация үдерісін барынша оңтайландыру параметрлерді тұжырымдауды қажет етеді [6,8].

Қиын байытылатын алтын құрамды кендерін флотациялық байыту үдерісін реттеу тиімділігін арттыру параметрлерді бір мезгілде бақылауды қолдану арқылы қол жеткізіледі, сондай-ақ қатты және сұйық фазалары және физика-химиялық құрамын негізінде бақылау әдістерін қолдану арқылы жүргізіледі. Қиын байытылатын алтын құрамды кендердің флотациялық байыту процесін бақылау мақсатында басқару алгоритмі оңтайлы түрде жүргізу үшін үдерісте болып жатқан барлық технологиялық жағдай туралы жедел ақпарат алу, сонымен қатар алынған ақпаратты өндеуге қолданылатын негізгі заңдылықтарды пайдалануды талап етеді.

Математикалық статистиканың дамуына айтарлықтай үлес қосқан жай – кейінгі 30-40 жыл ішінде тәжірибе жүргізудің жаңа математикалық теориясын және статистиканың жеке саласын жасау болды. Тәжірибе жүргізудің теориясын көп факторлы күрделі химиялық, металлургиялық және тағы басқа үрдістерді зерттеуге өте қажетті екендігін көрсетті [9,10].

Пайдалы қазындыларды байыту процестерін және оларды басқаруды зерттеуде де статистикалық әдістер қолданылады. Ол үшін дәстүрлі дисперсионды, корреляциялық регрессиялық әдістермен бірге жаңа әдістер пайда болды. Оларға жататындар мысалы, экстремалды тәжірибелерді статистикалық жоспарлау, процеске күшті әсер ететін маңызды факторларды анықтау, кездейсоқ баланс әдісі және т.б.

Оңтайлы флотация байыту режимі эксперименттік жоспарлау әдісімен (Бокс-Вилсон әдісі) анықталды.

Негізгі факторлар:

- кеннің ұнтақтау ірілігі – 85% класса – 0.074 мм;

- бутилдік сантогенаттың шығыны – 150г/т;
- көбіктендіргіштің шығыны – Т-80-70 г/т;
- мыс купоросының шығыны – 150 г/т;
- ортаны реттегіш реагенті ретінде соданың шығыны – 125 г/т;
- негізгіфлотацияның уақыты – 15 мин;
- бақылау флотациясының уақыты – 25 мин;
- тазалау флотациясының уақыты – 5 мин [4].

4-кесте.

Флотация эксперименттерін матрицалық жоспарлау

Тәжірибе	Ұнтақтау ірілігі %, 0,074 кл.	Реагенттер шығыны, г/т		
		Бутилді ксантогенат	мыс купоросы	сода
Негізгі деңгей (х)	85	60	125	75
өзгеру аралығы ()	10	20	25	75
Төменгі деңгей (-1)	75	80	150	150
Жоғарғы деңгей (+1)	93	40	100	0
Тәжірибелердің номері				
159	-	-	-	-
160	+	-	-	-
161 167	-	+	-	-
162	+	+	+	-
163 168	-	-	+	+
164 169	+	-	+	+
165	-	+	-	+
166 170	+	+	+	+

5-кесте.


Тәжірибелерді матрицалық жоспарлау

Тәжірибе	Ұнтақтау ірілігі %, 0,074 кл.	Реагенттер шығыны, г/т		
		Бутилді ксантогенат	Бутилді ксантогенат	соды
159	65	40	100	0
160	85	40	100	0
161	65	80	100	0
162	85	80	150	0
163	65	40	150	150
164	85	40	150	150
165	65	80	100	150
166	85	80	150	150
167	65	80	100	0
168	85	40	150	150
169	65	40	150	150
170	85	80	150	150

6-кесте.


Жоспарлау матрицасы бойынша орындалған тәжірибелердің нәтижелері

Тәжірибе саны	Өнімдер	Шығым,%	Бағалы заттың пайыздық үлесі,г/т	Алтыныңмассасы, г	Бөліп алу дәрежесі,%
1	Концентрат	7.16	28.3	2.0270	58.10
	Қалдық	92.84	1.58	1.4618	41.9
	Кен	100	3.5	3.4888	100
2	Концентрат	7.64	24.46	1.8684	52.7
	Қалдық	92.36	1.82	1.6769	47.3
	Кен	100	3.5	3.5453	100
3	Концентрат	5.86	31.05	1.8193	52.5
	Қалдық	94.14	1.85	1.6437	47.5
	Кен	100	3.5	3.4653	100
4	Концентрат	5.46	35.14	1.9187	63.38
	Қалдық	93.54	1.19	1.1086	36.62
	Кен	100	3.5	3.0273	100
5	Концентрат	6.95	33.6	2.3370	63.16
	Қалдық	93.05	1.7	1.3631	36.84
	Кен	100	3.5	3.7001	100
6	Концентрат	5.72	23.7	1.3555	39.29
	Қалдық	94.22	2.22	2.0945	60.71
	Кен	100	3.5		100
7	Концентрат	5.62	41.54	2.3343	63.8
	Қалдық	94.38	1.4	1.3244	36.2
	Кен	100	3.5	3.6587	100
8	Концентрат	4.8	42.07	2.0194	57.75
	Хвосты	95.2	1.55	1.4774	42.25
	Руда	100	3.5	3.4968	100
9	Концентрат	6.1	30.7	1.8710	58.47
	Қалдық	93.9	1.42	1.329	41.53
	Кен	100	3.5	3.200	100
10	Концентрат	4.26	43.4	1.8505	55.02
	Қалдық	95.74	1.58	1.5729	44.98
	Кен	100	3.5	3.3634	100
11	Концентрат	6.54	34.9	2.2792	61.59
	Қалдық	93.46	1.51	1.4112	38.41
	Кен	100	3.6842	3.3904	100
12	Концентрат	7.02	24.91	1.749	51.19
	Қалдық	92.98	1.79	1.6676	48.81
	Кен	100	3.5	3.4166	100
13	Концентрат	4.7	32.0	1.5040	57.35
	Қалдық	95.3	1.55	1.4725	42.65
	Кен	100	3.5	3.1765	100
14	Концентрат	5.4	40.6	2.1924	60.78
	Қалдық	94.6	1.5	1.4150	39.22
	Кен	100	3.5	3.6074	100
15	Концентрат	6.25	27.1	2.0580	56.48
	Қалдық	93.75	1.81	1.6938	43.52
	Кен	100	3.5	3.6438	100



Эксперимент нөмірі

2-сурет. – Эксперимент негізіндегі концентраттағы алтынның үлесі



Эксперимент нөмірі

3-сурет. – Тәжірибе негізіндегі алтынды бөліп алудың пайыздық дәрежесі

Бірінші графикте әрбір тәжірибе үшін концентраттағы алтын мөлшерінің өзгеруі көрсетілген. Екінші график алтынның бөліп алынуының өзгеруін көрсетеді. Бұл графиктер негізгі зерттеу параметрлерін визуализациялау арқылы әртүрлі эксперименттік жағдайлар үшін флотация процесінің өнімділігін талдауға көмектеседі [10,11].


Тәжірибелердің қайталану мүмкіндігі дисперсия арқылы бағаланады:

$$\sigma_x^2 = \frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}{N - 1},$$

Мұндағы $\bar{X}$ – ортаңдайыру параметрінің орташа мәні;

X_i – жеке қайталау үшін ортаңдайыру параметрінің мәні;

N – эксперименттер саны.



4-сурет. – Флотациялық байыту сұлбасы

Дисперсияны есептеу үшін 7 кестеде келтірілген.

7-кесте.

Тәжірибелердің дисперсиясын есептеу

№ тәжірибе	E ₁	E ₂	E ₁ +E ₂ /2	σ_x^2
159	60.76	-	60.76	-
160	60.78	-	60.78	-
161 167	65.0	53.29	59.15	68.44
162	58.06	-	58.056	-
163 168	54.83	38.92	46.88	126.405
164 169	73.42	61.98	67.7	65.37
165	66.25	-	66.25	-
166 170	65.8	66.1	65.95	0.045
			$\sum 481,53$	$\sum 260,26$


Тәжірибенің дисперсиясы:

$$\sigma_1^2 = \frac{(59.15 - 65)^2 + (59.15 - 53.29)^2}{2 - 1} = 68.44$$

$$\sigma_2^2 = \frac{(46.88 - 54.83)^2 + (46.88 - 38.92)^2}{2 - 1} = 126.405$$

$$\sigma_3^2 = \frac{(67.7 - 73.42)^2 + (67.7 - 61.98)^2}{2 - 1} = 65.37$$

$$\sigma_4^2 = \frac{(65.95 - 65.8)^2 + (65.95 - 66.1)^2}{2 - 1} = 0.045$$



5-сурет. – Қиын байытылатын алтын кендерін флотациялау үдерісін модельді түрде салыстыру

Бұл график тәжірибенің дисперсиясы жағдайларға байланысты флотация үдерісінің тұрақтылығы мен болжамдылығындағы айырмашылықтарды көрсете алатын дисперсия өзгерістерін көрнекі салыстыруды қамтамасыз етеді. Бұл кенді өңдеу әдістерін талдауға және оңтайландыруға көмектеседі [11].

Тәжірибелердің қайталану мүмкіндігі Кокран критерийі арқылы бағаланады. Есептелген Кокран критерий:

$$\frac{\sigma_{max}^2}{\sum \sigma_x^2} = \frac{126,405}{260,26} = 0,49$$

Сенімділік интервалы үшін кестелік тест $95\%=0,96$. $\sigma_p < \sigma_{таб}$ табудан бастап, эксперименттер қайталанатын болады. Регрессия теңдеуінің коэффициенті формула бойынша табылады:

$$b_i = \frac{\sum_{i=1}^n \varepsilon_i}{N}$$

Мұндағы, $\sum_{i=1}^n$ -- жоспарлау матрицасынан белгімен алынған оңтайландыру параметрлерінің (алтын өндіру) мәндерінің қосындысы; N – тәжірибелер саны.

Регрессия теңдеуінің коэффициенттерін есептеу:


$$b_0 = \frac{60.76 + 60.78 + 59.15 + 58.06 + 46.88 + 67.7 + 66.25 + 65.95}{8} = 59.69;$$

$$b_1 = \frac{-60.76 + 60.78 - 59.15 + 58.06 - 46.88 + 67.7 - 66.25 + 65.95}{8} = 2.43;$$

$$b_2 = \frac{-60.76 - 60.78 + 59.15 + 58.06 - 46.88 - 67.7 + 66.25 + 65.95}{8} = 1.66;$$

$$b_3 = \frac{-60.76 - 60.78 - 59.15 + 58.06 + 46.88 + 67.7 - 66.25 + 65.95}{8} = -1.04;$$

$$b_4 = \frac{-60.76 - 60.78 - 59.15 - 58.06 + 46.88 + 67.7 + 66.25 + 65.95}{8} = 1.0.$$



6-сурет. – Регрессия коэффициенттерін визуализациялау

Бұл график әр коэффициенттің шамасын және регрессия үлгісіне қосқан үлесін көрнекі түрде бағалауға көмектеседі, бұл әсіресе флотациялық процесті модельдеу қағазының бөлігі ретінде тәуелді айнымалыға әртүрлі айнымалылардың әсерін талдау кезінде пайдалы.

Регрессия теңдеуі

$$\varepsilon = 59.69 + 2.43X_1 + 1.66X_2 - 1.04X_3 + 1.0X_4$$

Мұндағы n – қайталанатын тәжірибелер саны.

Теңдеудің сенімділік коэффициенттері:

$$\sigma_{b_i}^2 = \frac{\sigma_{\varepsilon}^2}{N} = \frac{65.06}{8} = 8.13,$$

$$\sigma_{(b)_i} = \sqrt{8.13} = 2.85$$


$$\sigma_{(b)_i} = \frac{2.85}{\sqrt{4}} = 1.43$$

Бұл X_1 ; X_2 ; X_3 ; X_4 айнымалылары үшін барлық есептелген коэффициенттердің шамалы, яғни флотациялық тәжірибелер оңтайлы (стационарлық) режимде жүргізілді. Бұл бағытта келесі тәжірибелер жүргізілді: бастапқы кенді флотациялау үшін сатылық флотация қолданылды. Бастапқы кенді флотациялау үшін оңтайлы ірілігі алтын кендері үшін 93.5% 0,074 мм ірілік класын жоспарланған тәжірибелерді орнату кезінде қабылданды оңтайлы ұнтақтау болып табылады (кестені қараңыз). Эксперимент нәтижелері 7-кестеде берілген. Тәжірибелерде көбіктендіргіш Т-80 шығымы 110 г/т, ксантенат 175 г/т, флотация уақыты 25 минутқа дейін ұлғайтылды [5,7].

Флотациялық байыту әдісімен алтынның алынуына кенді ұнтақтау мөлшерінің әсері

№ тәжірибе	Өнім	Шығын, %	Алтынның пайыздық үлесі, г/т	Бөліп алу дәрежесі, %	Кендегі 0,074 мм ірілік классының пайыздық үлесі, %
13	Концентрат	8.15	36.5	78.24	90.15
	Қалдық	91.85	0.9	21.76	-
	Кен	100	3.8	100	-
14	Концентрат	9.25	32.8	79.51	93.5
	Қалдық	90.75	0.9	21.49	-
	Кен	100	3.8	100	-
15	Концентрат	9.56	32.2	80.97	-
	Қалдық	90.44	0.8	19.03	-
	Кен	100	3.8	100	-
16	Концентрат	10.95	29.0	84.59	-
	Қалдық	89.05	0.7	26.41	-
	Кен	100	3.8	100	-

8-кестедегі мәндерге сүйене отырып MATLAB бағдарламасында модельдеу барысында графиктер тәжірибелер шеңберінде алтынның флотациялық экстракция тиімділігіне кенді ұнтақтау дәрежесінің әсерін талдауға көмектеседі.



7-сурет. – Концентраттағы алтынның пайызы және алтынның алыну деңгейі

Қорытынды. Заманауи құрамында алтыны бар қиын байытылатын кендерді өндеудің қазіргі жағдайында байланысты асыл металды кендерден алтынды флотациялық алу онтайлы технологиялары жасау өте маңызды. Соңғы жылдары байыту әдістерін математикалық түрде модельдеу тенденциялары кеңінен қолдануда олар қойылатын маңызды факторларды қолданып эксперименттер қою және флотация үдерісін барынша оңтайландыру параметрлерді тұжырымдауды қажет етеді [6,7]. Флотациялық байыту үдерісін реттеу тиімділігін арттыру параметрлерді бір мезгілде бақылауды қолдану арқылы қол жеткізіледі сондай-ақ қатты және сұйық фазалары және физика-химиялық құрамын негізінде бақылау әдістерін қолданужүргізіледі. Қиын байытылатын алтын

құрамды кендердің флотация байыту үдерісін басқару алгоритмін оңтайлы түрде жүргізу үшін үдерісте болып жатқан барлық технологиялық үдерістің жағдайы туралы жедел ақпарат, сонымен қатар оның негізгі заңдылықтары туралы жинақталған білім болуды талап етеді.

Алынған нәтижелер бойынша кеннің ұнтақталуы жоғарылаған сайын флотациялық қалдықтардағы алтынның мөлшері төмендейтінін көрсетеді. Алайда құрамында алтыны бар қиын байылатын кендерді флотациялық байыту әдістерімен байытқанда концентраттың бағалы заттың пайыздық үлесі 29 г/т бөліп алу дәрежесі 84.59 алынды. Ұнтақтау дәрежесі алтынды кендер үшін кеннен максималды түрде бөліп алынуы үшін 0,074 мм класының 93,5% құрады.

1) Флотациялау режимі 1-ші флотации:

- флотациялау уақыты – 5 мин;
- Т-80 шығыны – 60 г/т;
- бутилді ксантогенаттың шығыны – 100 г/т.

2) Флотациялау режимі 2-ші флотации:

- Флотациялау уақыты – 10мин;
- Т-80 шығыны – 40г/т;
- бутилді ксантогенаттың шығыны – 75 г/т.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 Прохоров К.В. Малмыж кенорнындағы тотықты кендерден алтынды хлорид-гипохлоритті шаймалау / К.В.Прохоров, А.Е.Бурдонов // Тау-кен журналы. 2018. № 10. С. 62-66. DOI: 10.17580/gzh.2018.10.12(орысша)

2 Степанов В.А. Амур губерниясының алтын-сульфидті-кварцты формациясының кен орындары. / В.А.Степанов, А.В.Мельников // Аймақтық геология және металлогения 2016. № 68. С. 108-116. (орысша)

3 Степанов В.А. Жоғарғы Амур облысының Чагоян-Быссин металлогендік аймағының алтын құрамының болашағы / В.А.Степанов, А.В.Мельников // Вестник Северо-Восточного научного центра ДВО РАН. 2014. № 1. С. 3-15. (орысша)

4 Верхоzin С.С. Қазақстанның алтын өндіру өнеркәсібі. URL: <https://zolotodb.ru/article/11194> (орысша)

5 Dolgoplova, A., Seltmann, R., Miroshnikova, A. and Mizernaya, M. Құрамында алтыны бар Васильков кенорнының минералогиялық және геохимиялық сипаттамасы (Солтүстік Қазақстан) // Proceedings of conference “Тұрақты әлемнің минеральды ресурстары», Нанси, Франция, 2015. V.1. – P. 77-80.(ағылшынша)

6 Абдыкирова Г.Ж. Құрамында алтыны бар қиын байытылатын кенді және техногендік шикізатты байыту технологияларын жетілдіру. Монография. Алматы: КазНИТУим. К.И. Сатпаева, 2022, 225 б. (орысша)

7 Абдыкирова Г.Ж., Кенжалиев Б.К., Койжанова А.К., Магомедов Д.Р. Алтын кварцты аз сульфидті кендерді байытылуын зерттеу . Обогащение руд, 2020, no. 1, 14–18 б. DOI: 10.17580/or. 2020.03.03 (орысша)

8 Jiafeng Liet al. Құрамында пирит пен арсенопирит басым болып келетін алтын құрамды қиын байытылатын кенін алудың минералогиялық сипаттамаларын және оңтайландыру талдаулары. /. // Геохимия. 2023. V. 83, Issue 1. (ағылшынша)

9 Dominy S.Cetal. Гравитациялық байыту әдісімен алтын кенінің геометаллургическое зерттеулері // Минералы. 2018. V.8(5):186. (ағылшынша)

10 Moosakazemi F. etal. Шарлы диірмен бөлшектерінің морфологиясына конструкциялық және жұмыс параметрлерінің әсері /. // Минералдық өндеудің халықаралық журналы . 2017. V. 165, 41-49 б. (ағылшынша)

11 Mc Grath T.D.H., Connor L. O, Eksteen J.J. Гравитациялық және флотациялық концентраттарындағы сап алтын түйіршіктерінің 2D и 3D пішінің сипаттамаларын салыстыру., Минеральды инженерия, 2015, Volume 82, Pages 45-53 (ағылшынша)

REFERENCES

- 1 Prohorov K.V. Hlorid-gipohloritnoe vyshhelachivanie zolota iz okislennyh rud Malmyzhskogo mestorozhdeniya / K.V.Prohorov, A.E.Burdonov // Gornyj zhurnal. 2018. № 10. S. 62-66. DOI: 10.17580/gzh.2018.10.12 (na russkom jazyke)
- 2 Stepanov V.A. Mestorozhdeniya zoloto-sul'fidno-kvarcevoj formacii Priamurskoj provincii / V.A.Stepanov, A.V.Mel'nikov // Regional'naja geologiya i metallogenija. 2016. № 68. S. 108-116. (na russkom jazyke)
- 3 Stepanov V.A. Perspektivy zolotonosnosti Chagojan-Byssinskoj metallogenicheskoy zony Verhnego Priamur'ja / V.A.Stepanov, A.V.Mel'nikov // Vestnik Severo-Vostochnogo nauchnogo centra DVO RAN. 2014. № 1. S. 3-15. (na russkom jazyke)
- 4 Verhozin S.S. Zolotodobyvajushhaja promyshlennost' Kazahstana. URL: <https://zolotodb.ru/article/11194>(na russkom jazyke)
- 5 Dolgoplova, A., Selmann, R., Miroshnikova, A. and Mizernaya, M. Mineralogicheskaja i geohimicheskaja harakteristika Vasil'kovskogo mestorozhdeniya zolota (Severnyj Kazahstan) // Proceedings of conference "Mineral'nye resursy v ustojchivom mire», Nansi, Francija, 2015. V.1. – P. 77-80. (na anglijskom jazyke)
- 6 Abdykirova G.Zh. Sovershenstvovanie tehnologij obogashheniya zoloto soderzhashhego upornogo rudnogo i tehnogennogo syr'ja. Monografija. Almaty: KazNITU im. K.I. Satpaeva, 2022, 225 s. (na russkom jazyke)
- 7 Abdykirova G.Zh., Kenzhaliev B.K., Kojzhanova A.K., Magomedov D.R.Issledovanie obogatimosti malosul'fidnoj zolotokvacevoj rudy. Obogashhenie rud, 2020, no. 1, str 14–18. DOI: 10.17580/or.2020.03.03 (narusskomjazyke)
- 8 Mineralogical characteristics and recovery process optimization analysis of a refractory gold ore with gold particles mainly encapsulated in pyrite and Arsenopyrite/ Jiafeng Lietal. // Geochemistry. 2023. V. 83, Issue 1. (in English)
- 9 Application of Enhanced Gravity Separators for Fine Particle Processing: An Overview // Nayak A., Jena M.S. &Mandre N.R.// Journal of Sustainable Metallurgy. 2021. V. 7, P. 315-339(in English)
- 10 Effect of design and operational parameters on particle morphology in ball mills // Moosakazemi F. et al. // International Journal of Mineral Processing. 2017. V. 165, P. 41-49(in English)
- 11 A comparison of 2D and 3D shape characterisations of free gold particles in gravity and flash flotation concentrates, T.D.H. McGrath, L. O'Connor, J.J. Eksteen, Minerals Engineering, 2015, Volume 82, Pages 45-53. (in English)

Авторлар туралы мәлімет:

Асқарова Гүлжан Ермекқызы, техника ғылымдарының магистрі, докторант, g.askarova@satbayev.university;

